III. The third group includes **words and phrases that describe relationships and social connections**. The coronavirus pandemic has also taken human relationships to a different level. There appeared an **elbump** – a greeting with an elbow kick, instead of greeting with a hug and a handshake as before. We met only with a small group of **bubble** and communicate with friends only through the **covideo party**.

IV. The fourth group of words are **medical terms** that are caused by medical necessity or words of a narrow medical use transferred to general use. According to the time demands all people who know nothing about medicine, now watch the news every day and get acquainted with new drugs and methods of treatment. They know the **handsanitizer** for sanitizing their hands, **forehead thermometer** for temperature measurement in the entrance and **respirator** for protecting them from breathing dust and micro-organisms.

V. Words of the fifth group are formed from names caused by a coronavirus infection. In addition to official names such as **COVID-19, nCoV**, there are many new names that personified this infection, such as **Lady Rona, Miss Rona, Rona, rone, roni**, personified the pandemic, such as **the pando, the pandy**. Personification helps to present the pandemic in the shape of an enemy in order to get rid of fears of the unknown, on the other hand, personification makes it possible to create a bright and original image, convey feelings, express your point of view.

In the following table, you can see the classification of neologisms according to the meaning of words that appeared in connection with the coronavirus pandemic and their amount in each group:

Neologisms according to their meaning:		
1	Words and expressions that characterize social reality	42
2	Words and phrases that describe the work and learning process	31
3	Words and phrases that describe relationships and social connections	15
4	Medical words and phrases	35
5	Titles	15
	Total amount:	138

Table 2. **Amount of neologisms in each group.**

The following pie chart demonstrates the ratio of groups of neologisms based on their meaning.




Diagram 1. **The ratio of neologisms according to their classification by meaning**

Conclusions. The great changes that occur in society, especially social crises, disasters and wars, are always reflected in the language. The COVID-19 pandemic, which has caused damage and destruction to people around the world, has led to a huge increase in linguistic creativity. Among the "coroneologisms" in English, there are combinations that describe the changed lifestyle of people in isolation, the anxiety and stress that people experienced during the pandemic, new technologies that help remote work and distance learning, pseudonyms for crazy people that expose COVID restrictions, and much more.

Most of these neologisms were created by journalists or appeared on social networks. These lexical formations are often playful and witty, and their main function is to attract the attention of the reader or listener. The use of certain general jargon, the use of humor to describe a terrible or tragic reality, helps people overcome fear and grief, to create a sense of unity and connection between the participants in the relationship; thus, «coroneologisms» perform an important social function.

Әдебиеттер тізімі

1. Denis Jamet. The Neological Functions of Disease Euphemisms in English and French: Verbal Hygiene or Speech Pathology? // Lexical and Semantic Neology in English.// Lexis - Journal in English Lexicology. 2018. №12

2. Janssen, M. Orthographic Neologisms: selection criteria and semi-automatic detection. Instituto de Linguística Teórica e Computacional, 2011.
3. Лыков А.Г. Современная русская лексикология (русское окказиональное слово). – М.: Высшая школа, 1976.
4. Cabré, M. Teresa. 1999. Terminology: Theory, methods, and applications. Amsterdam: John Benjamins Publishing Company. Translation of: La Terminología: Teoría, metodología, aplicaciones. Barcelona: Editorial Antártida, 1992.
5. Рабиға Сыздық. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-тынымдық зерттеу. –Алматы: Арыс баспасы, 2009.
6. Фархадова Г.И. Влияние глобализации на обогащение лексического фонда современных языков/ Г.И. Фархадова // Вестник КазНУ. Филологическая серия. №1 (181), 2021 – с.143-150
7. John Kelly. Coronavirus: The Words You Need To Understand The News, Published April 26, 2020

References

1. Denis Jamet. The Neological Functions of Disease Euphemisms in English and French: Verbal Hygiene or Speech Pathology? // Lexical and Semantic Neology in English.// Lexis - Journal in English Lexicology. 2018. №12
2. Janssen, M. Orthographic Neologisms: selection criteria and semi-automatic detection. Instituto de Linguística Teórica e Computacional, 2011.
3. Lykov A.G. Sovremennaya russkaya leksikologiya (russkoe okkazional'noe slovo) [Modern Russian lexicology (Russian occasional word)]. – М.: Vysshaya shkola, 1976. [in Russian]
4. Cabré, M. Teresa. 1999. Terminology: Theory, methods, and applications. Amsterdam: John Benjamins Publishing Company. Translation of: La Terminología: Teoría, metodología, aplicaciones. Barcelona: Editorial Antártida, 1992.
5. Rabiga Syzdyk. Kazak tilindegi eskilikter men zhanalyktar. Gylymi-tanyndyk zertteu [Old and new in the Kazakh language. Scientific and Educational Research]. –Almaty: Arys baspasy, 2009. [in Kazakh]
6. Farhadova G.I. (2021). Vliyanie globalizacii na obogashchenie leksicheskogo fonda sovremennyh yazykov [The impact of globalization on the enrichment of the lexical fund of modern languages]/ G.I. Farhadova // Vestnik KazNU. Filologicheskaya seriya – Bulletin of KazNU. Philological series, 1, 143-150 [in Russian]

7. John Kelly. Coronavirus: The Words You Need To Understand The News, Published April 26, 2020

КОРОНАВИРУС ПАНДЕМИЯСЫ КЕЗІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН КОРОНАКОИНДАР

С. А. САДЫКОВА, А.А. САГИДАНОВА*

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: asagidanova@mail.ru

Аңдатпа. Коронавирус инфекциясының пандемиясы кезінде пайда болған жаңа лексика – пандемияның апатты салдарын тұжырымдау және түсіну арқылы жеңуге ұмтылатын, бұқаралық сананың жаңа лексиканы тұрақты қалыптастыру процесінің ең айқын көрінісі болып табылады. Бұл мақалада неологизм ұғымы, коронавирус инфекциясының пандемиясы кезінде ағылшын тілінде пайда болған жаңа лексикалық бірліктер қарастырылады. Жаңа лексикалық бірліктердің ағылшын тілінде пайда болуы табиғи заңдылық, себебі әлемдегі барлық жаңалықтар ағылшын тілінде пайда болып, осы тілде әлемге тарайды. Жаңа сөздер тілдің тірі және икемді болуып қалуына мүмкіндік береді. Осы мақалада зерттелген неологизмдер онлайн сөздіктер, мерзімдік басылымдардың онлайн үлгілері, әлеуметтік желілер мен жаңалықтар порталдары сияқты ашық дереккөздерден алынды. Зерттерген мәліметтер негізінде короновирус тақырыбына байланысты пайда болған неологизмдер талданып, жинақталған коронеологизмдер мағыналарына қарай топтастырылды. Неологизмдердің тілдегі атқаратын негізгі қызметі жаңадан пайда болған заттар мен ұғымдарды атау қажеттілігі екені белгілі. Ал коронавирусқа байланысты пайда болған неологизмдер жаңа ұғымдарға атау беру қызметімен қатар, тілдік ойындар арқылы адамдардың қорқынышын сейілту, қоғамдағы стресс пен күйзелісті азайту сияқты қызметті де атқарады.

Түйін сөздер: лингвистика, неология, неологизмдер, сөзжасам, коронавирус, пандемия.

КОРОНАКОИНЫ, ПОЯВИВШИЕСЯ ВО ВРЕМЯ ПАНДЕМИИ КОРОНАВИРУСА

С. А. САДЫКОВА, А.А. САГИДАНОВА*

Актыобинский региональный университет им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан

*e-mail: asagidanova@mail.ru

Аннотация. Новая лексика пандемии коронавируса является наиболее ярким проявлением процесса устойчивого формирования новой лексики массовым сознанием, стремящимся преодолеть катастрофические последствия пандемии путем формулирования и понимания. В этой статье рассматривается понятие неологизма, новые лексические единицы, появившиеся в английском языке во время пандемии коронавирусной инфекции. Появление новых лексических единиц в английском языке закономерно, так как все новшества в мире появляются в английском языке и распространяются по всему миру на этом языке. Новые слова позволяют языку оставаться живым и гибким, развиваться согласно эпохе. Неологизмы, изученные в статье, были взяты из открытых источников, таких как онлайн-словари, онлайн-образцы периодических изданий, социальные сети и новостные порталы. На основе изученных данных были проанализированы неологизмы, возникшие в связи с пандемией коронавируса, а собранные коронеологизмы сгруппированы по значениям. Известно, что основной функцией неологизмов в языке является необходимость называть вновь возникшие предметы и понятия. Неологизмы, появившиеся в связи с коронавирусом, наряду с деятельностью по присвоению названий новым понятиям, выполняют и такие функции, как преодоление страхов людей посредством языковых игр, снижение стресса и стресса в обществе.

Ключевые слова: лингвистика, неология, неологизмы, словообразование, коронавирус, пандемия.

ҒТАМР 17.01.07.

ЛИРИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚЫРМАНДАРДЫҢ, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБЫЛДАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

А.С. КУШКИМБАЕВА^{[0000-0001-5546-4513]*}, **А.С. ЖАЛҒАСОВА**^[0000-0002-7053-7263]

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

e-mail*: alitok@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада әлемнің лирик ақындарына, оның ішінде Мағжан Жұмабаевтың «Мен кім?» өлеңіндегі айтылатын ойдың кез келген адам түсінбейтінін, лириканың қиындығына осы жерде екендігі айтылады. Лириканы оқытудың өзінің қиындығы ондағы айтылатын сөзді түсіну, ондағы айтылған сөз - ақынның басынан кешкен сезімі екенін, нақты мәселенің айшықтанып көрініп тұрмайтындығы, ол мәселені оқырманның өзі тауып алу керектігін оқырмандар мен оқушыларға қабылдату үшін Қанипа Бітібаеваның әдістемесі алынады. Ең алдымен теориялық біліммен терең танысу керектігі басты нысанаға алынады. Лирикалық шығарманы талдамас бұрын, оқушылармен жұмыс жасау, өлеңді мәнерлеп оқу, оқушылардан не сезінгенін сұрау, тақырыпқа сай басқа өнер түрлерін қолдану, шығармашылық жұмыс орындау, өзге де шығармалармен салыстыру арқылы оқырман қабылдауын қалыптастыратыны айтылған. Семантикалық карта толтыру арқылы кейіпкер мен кейіпкер прототипін салыстыру оқырман шығарманың көркемдігін анықтайды. Бұл әдісті Илияс Жансүгіровтың «Күлагер» поэмасын өткенде қолдану тиімді болатыны айтылған. Бұл мақалада оқырман – оқырмандар мен оқушылардың жалпы жиынтық атауы. «Автормен сырласып, ой түйю» әдісі арқылы Төлеген Айбергеновтың «Сағыныш» өлеңінен оқырманның қандай ой түйгенін анықтауға болатындығы көрсетілген.

Түйін сөздер: Лирика, Эпитет, Метафора, Аллитерация, Ассонанс, Сюжет, Композициялық құрылым

Кіріспе. Кезінде Мұқағали Мақатаев менің мың досым бар деп өзінің кітаптарын айтады екен. Сол кітаптардан кез келген адам айта бермейтін ақыл табылады. Бір адам өзіне дейінгі даналықты түсінсе, оны жазып қалдырады. Оны келесі бір адам оқып, толықтыра түседі. Кітапты қолға алып, көз жүгіртіп оқу көзді жаттықтыратыны да анықталған. Кітап дегенде барлық кітаптар, оның ішінде лирикалық шығармаларды қоса айтамыз. Бізге дейін қаншама лирик ақындар өмір сүрген. Барлығы да өмірдің қыр-сырларын, құпияларын білуге тырысты, жақсылық-жамандық, адамгершілік, саясат, әлем жайлы ойларын өлеңмен жазып қалдырды. Абай атамыз да өлеңнің сөздің патшасы екендігін айтып кетпеді ме?! Әлемде қаншама лирик ақындар өмір сүрді. Олардың барлығының мақсаты - адамзатқа пайдалы болу. Алған ақпаратты кейінгі буынға қалдыру үшін оны өлең сөзбен жазды. Мықты деген ақындар Дж. Байрон, А.Пушкин, Абай, М.Жұмабаев, М.Мақатаев сынды және бұдан өзге қаншама сан мыңдаған ақын бар. М.Жұмабаевтың мына бір өлеңін кез келген адам оқып, оны қабылдай ала ма?

Өзім - тәңірі, табынамын өзіме,

Сөзім - Құран, бағынамын сөзіме!

Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,

Енді, ескілік, келдің өлер кезіңе, - деп барлық нәрсе адамның өз еркінде екендігін көрсететін өлеңін «өзін Тәңірімін» дегені несі деген ойға қалатындар болады. Біздің түсінігімізде «Тәңір» деген өте жоғары, оның дейгейіне адам он жерден «Тәңірмін» дегенмен оның дәрежесіне жете алмайтынын біледі, ал біз оны адамның еркі деп түсінуіміз керек. Оқырман - осындай сиқырлы сөздің анық-қанығын ажырата алатын, өзіндік пікірі, ойы бар жан. Лириканы оқыту барысында оқырмандардың, оқушылардың қабылдауын қалыптастырудың әдіснамалық негіздеріне тоқталсақ.

Негізгі бөлім. Лириканы оқытудың өзінің қиындығы бар. Ондағы айтылған сөз - ақынның басынан кешкен сезімі болғандықтан, нақты мәселе де айшықтанып көрініп тұрмайды. Оны оқырманның өзі тауып алады. Немесе прозадағыдай қара сөзбен беріліп, бәрі дайын тұрмайды. Сюжет қайсысы, композициялық құрылымы қай жерден басталатыны, поэтикалық тілі де шатастырады. Лирикалық шығармаларды оқытқанда, оқушылардың ішкі жан сырына терең бойлау білу керек. Өмір ақиқатының суреттелуіне, көркем сөз айшықтарының - эпитет, метафора, аллитерация, ассонанстарының айқындығына көз жіберіп қана қоймай, ақын жүрегінің соғысына, жан лүпіліне оқушы назар аудару керек.

Түркістан - екі дүние бесігі ғой,

Түркістан - ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған,

Түріктің тәңірі берген несібі ғой.

Тұранның елі, шексіз, шөлі қандай,

Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!

Тұранның дария аталған өзендері

Тасыса, шөлді басқан селі қандай! Үйлесім тапқан дыбыстар арқылы ақын Түркістанға деген сүйіспеншілігін, туған жеріне деген мейірімін білдіру үшін "Т" дыбысының қайталануы өлеңнің саздылығын, әуезділігін арттырып, әдеби туындыға көркемдік сипат беріп тұр. Сонымен қатар, "шөлі қандай", "көлі қандай", "селі қандай" деген тіркестер де өлеңге әр, сыр беріп тұр.

Ағасың, ақылың артық асқармен тең,

Асылдың асқар ұранды тіреуі сен.

Ала туын Абылайдың ала аттансаң,

Аламан артыңдағы біреуі мен.

Адамның аманатын алла алады,

Ажалға ақыл, ажар не қылады?

Алабы алыс сулар суалғанда,

Аңғарын айдын көлдің шаң алады.

Алайда аңсыраған алғыр тұйғын

Абайсыз аңұып ауға шырмалады. Бірыңғай «А» дыбысын қайталау арқылы ақын тыңдаушысына айтайын деген ойына жетелейді, оқырманның ой-сезіміне әсер етеді. Ақын бірыңғай дыбыстарға зер сала отырып, дыбысқа жан бітіреді. Қайталау арқылы дыбыстарды әсем сазбен сөйлетеді, ақындық ойды білдіреді, соған қызмет етеді. Ақын дыбыс үндестігін

тек әсемдік саздылық үшін ғана емес, шығарманы эмоционалды жағынан әрлендіру үшін қолданады [1].

Зерттеуші Серкешбаева Г. өзінің «Мәнерлеп оқу» еңбегінде Қасым Аманжолов өлең жайлы жазылған жыр жолдарын отты өлең дейді:

О, өлең!

Өлең деген не нәрсе бұл?

Өлең - су, - дейді біреу, ағыл-тегіл.

Ой толы отыз жасар жігіт-жырым,

Өлең - су жағасынан термейді гүл.

Өлеңім өзіме тарт! Тірі адам бол!

Кей өлең келеді тым қылтың-сылтың,

Жалтылдап ұсынады жұртқа сырын.

Топ жара енген менің жігіт-жырым

Оларды тыжырыңтар бәлкім, мүмкін.

Қалтылдақ қалпақ киген ғасырлардың

Қыз мінез қылтыңына бас ұрмадым.

Аламын ауыр ойдан ауыр сөзді,

Мақта емес, ми болған соң басымдағы... Зерттеушінің айтуы бойынша, бұл жерден ақынның эстетикалық талғамын, өлеңге қоятын талабын айтып, өзінің ақындық бағдарламасын ұсынғанын айтады [2]. «Өзім айтам, өз жайымда» деген өлең жолдарының, сондай-ақ, мынадай өлең жолдарының авторы:

Сақыпжамал! Бір өзінде

Екі әйелдің аты бар.

Күн боп көзің күлгеніңде,

Қабағыңнан ай туар, - деген махаббат лирикасының аса бір ерекше жолдарының авторы. Лирика қолға ұстауға тұрмайтын су секілді. Оны тап басып, мынау мынадай, мына жерде ақын былай дегісі келді деген формаға сыймайды. Лириканы оқытуда оқырман мен оқушының қабылдауын қалыптастыруда зейін аудару керек. "Білім алу үшін зейін керек. Зейіннің жетіспеуі білім алуға кедергі келтіреді. Гипербелсенді балалардың қозғалысы көп, ұмытшақ, үлгерімі төмен болады. Олар үшін академиялық материалдарға көңіл бөлу аса қиын. Олар сондай-ақ оперативті жадта толып жүрген қажетсіз тітіркендіргіштерге де бөгет бола алмайды. Зейін тұрақты болу үшін оқушылар жоспар құрып, өздерінің түсіну деңгейлерін бақылап отыруы тиіс" [3], - делінеді зерттеу еңбекте. Оқырмандар мен оқушылар үшін лирикалық шығарманы қабылдау үшін назары, зейіні болу керек. Әйтпесе, өлең жолдарын мүлде басқаша түсінеді. Зерттеуші Қанипа Бітібаеваның есептеуінше, лириканы оқытудың мынадай негіздері бар екен [4]:

1. Лирика термині жайлы терең ақпарат беру;
2. Лирикалық шығарманы талдамас бұрын, оқушылармен жұмыс жасау керек;
3. Лирикалық шығарманы сазына келтіріп, мәнерлеп оқу;
4. Оқушылардың не сезінгені жайлы сұрау;
5. Тақырыпқа сай өнердің өзге де түрлерін: сурет, музыка сияқты өнер түрлерін қатыстыру;
6. Шығармашылық жұмыс орындалуы;

7. Шығарманы өзге де шығармалармен салыстыру. Бұл негіздерді тек оқушыларға ғана емес, оқырмандарға қолдануға болады. Мәселен, лириканың бір түрі поэма жанрында жазылған І.Жансүгіровтың "Құлагер" шығармасын алайық. Ең алдымен, оқырмандар мен оқушыларға лирика жайлы, оның ішінде поэма жайлы ақпарат беріледі. Оқушылармен поэманы оқып, поэтикалық тіліне талдау жасаймыз, кейіпкерлеріне тоқталамыз. Одан соң, әрбірінен өзінің не сезінгенін, қандай ойда қалғанын сұраймыз. Немесе мынадай кесте толтыруға болады. Семантикалық карта толтыра отырып, кейіпкер мен кейіпкер прототипін салыстыру [1, 38].

Кейіпкер прототипінің іс-әрекеті	Көркем шығарма кейіпкерінің іс-әрекеті
Ақан сері Көкше жерінде 1843-1919 жылдары өмір сүрген. Туылғанынан бері өзгеше болған. Бөрігіне үкі салып, сері атанған. Өткір, сөзінің уыты бар, отырған жерінде өзінен басқаны сөйлетпеген. Тазы ұстап, жүйрік мінген, аңға құс салған. Киімнің әдемісін киіп, кір ыдыстан тамақты татып алмайтын болған. Өзі өмір сүрген уақытында орысша оқып, пайдасын білген. Үйленген, жары дүниеден ерте өткен, баласы кемтар, күйікпен жүрген уақытында Құлагерді ұстаған. Сағынайдың асына Құлагерін қатыстырып, содан тұлпары мерт болады.	Ақан күйікте жүрген уақытында жүз сом ақшасын беріп Құлагерді сатып алып, өзіне серік етеді. Ақан шын өмірде де көре алмаушылық, қызғаныштың құрбаны болса, шығармада да адамдардың ойлауының төмендігінен жапа шегеді. Құлагерін бәйгеге қосады. Сағынайдың асындағы бәйге. Батыраштардың жауыздығынан мерт болады.

1 – кесте. Прототиптік салыстыру

М.Жұмабаевтың "Ақан сері" деген мақаласын оқимыз. Мақаласында Ақан серіні ағылшын жазушысы "Дориан Грей" деген шығарма жазған, әдемілікті жақсы көрген Оскар Уайльд деген жазушысына теңеген; бағаланбаған тұлға деп көрсетеді. Заманынан кеш туған деген тұлғалар бар тарихта, алайда Ақан серінің бір ерекшелігі заманынан ерте туған. Оқырман шығарманы оқып, сан алуан эмоцияны бастан кешіреді. Шын Ақан мен шығармадағы Ақанның айырмасын ажыратады. Ақан жайлы жазылған мақалаларға тоқталып, ой тоқтады. Сонда шығатын қорытынды: халқымыздың қараңғылығы, адамда кеткен кегін еш күнәсі жоқ жануардан алуы. Оқырман осы ойға өзі келеді. Одан кейін бұл шығарманы Әбіш Кекілбаевтың "Бәйгеторы" шығармасымен салыстырады. Бұл шығармада тұлпар бағаланбай, кезіндегі жақсы көрген Сарысы Бәйгеторының қартайғанда көзін шығарады. Қандай парадокс. Бір тұлпар адамдардың надандығынан өлтірілсе, біреуі адамның барын бағаламайтын надандығынан кезіндегі айтулы тұлпарының көзін шығарды. Алайда екі шығарманың ұқсастығы адамдардың қараңғылығы. Екі шығармадан оқырман өзінің ойын шығарады,

қорытындылайды. Надандықтың емі - білім мен жан ашу, махаббат екенін дәйектейді. Осылайша, екі шығамраны салыстыру арқылы оқырмандар мен оқушылар анализ жасап үйренеді.

Төлеген Айбергеновтың туған інісіндей көрген Мұхтар Шахановқа арнаған "Сағыныш" өлеңі бар. Ақындық қуаты дәл осы өлеңде толығымен көрінеді. "Адамның заңғар ұлылығын сағынышымен есепте" деген жолдардың авторы Төлеген Айбергенов қазақ әдебиетінде 15-17 буынды өлеңді алып келіп жаңалық ашқан болатын. Лирика жайлы білеміз, таныспыз. Өлеңді оқимыз. Оқушылардан не сезінгенін сұраймыз. Мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. Сенің ойыңша сағынышты заңғар ұлылықпен санау пафос емес пе?
2. Төлеген Айбергеновтың өзге өлеңдерін білесіз бе?
3. Бұлбұлдың дауысын бауларға сағынып келмесең ести алмайсың деген ойға қандай қарсы жауап айтар едіңіз?
4. Неліктен ақынмен келіспейсіз?
5. Не себептен ақынмен келіспейсіз?
6. Өлеңді оқып болған соң қандай сезімде болдыңыз? Оқырман осы сұрақтарға жауап беру кезінде өзінің ойларымен, пікірлерімен бөліседі.

"Сағыныш сезімі сап-сары мұң ба?" деген тақырыпта эссе жазып, шығармашылық жұмысты орындаймыз. "Автормен сырласып, ой түйю" әдісі арқылы оқырман өлең жайлы өз ойын білдіреді [1, 31].

Автормен сырласу	Ой толғаныс
Ақын аға, сіз өлеңізде сағыныштың аса бір ұлы сезім екендігін, адамның ұлылығын сағынышпен есептеу керектігін, тіпті оның заңғар екендігін айттыңыз. Баққа сағынып бармасаң, бұлбұлдың да дауысын ести алмайтыныңды, жел де сағынышпен соғатынын айттыңыз.	Сіздің бұл сөзіңізді былайша түсінемін: әрбір адаммен сағынатындай қашықтықта жүру керектігін. Сол кезде әрбір адаммен қатынаста тек сағыныш сезімінен бөтен, өзге сезім болмайтынын түсіндім. Ұрысу, жек көру, қызғану секілді сезімдердің орнын, сағыныш, махаббат, көңіл аудару, ғашық болу, эйфория сынды сезімдер келетінін білген болуыңыз керек. Сонымен қатар, адамдармен қары-қатынастың лимиті болатынын, одан артық қалса немесе кем болса бұзылады деген даналық ойда бар.

2 – кесте. Автормен сырласу

Лирика, жай ғана өлең жолдаы болғанда, кітап деген сөз де болмас еді. Лириканы жай оқып қоя салғанда, дүниетанымыздың деңгейі төмендер еді. Лириканы оқығанда оны сезініп, бұдан қандай қорытынды ала аламын деген ойды ұмытпау керек. Лирикалық шығармаларды оқығанда саралап, анализ жасау қабілеттерін дамытады. Тіпті біздің миымызда анализ

жасағанды ұнатады. Оқырмандар мен оқушылардың лирикалық шығармаларды қабылдауын дамыту үшін зерттеуші Қанипа Бітібаеваның айтқанын ескеру қажет, одан соң оқи беру керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Жоламанова Т. Көркем шығарманы талдау жолдары: Оқу құралы. Қарағанды: «Ақнұр» баспасы, 2018. - 178 бет
2. Серкешбаева Г. Мәнерлеп оқу: Оқу құралы. Қарағанды, «Ақнұр» баспасы, 2018. - 2018 жыл
3. Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 608 бет
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы: «Рауан», 1997. - 288 бет

References

1. Zholamanova T. (2018). Ways to analyze a work of Art: a textbook. Karaganda: «Aknur» publishing house. [in Kazakh]
2. Serkeshbaeva G. (2018). expressive reading: a textbook. Karaganda, «Aknur» publishing house. [in Kazakh]
3. Shun Dale H. (2019). theory of learning: educational horizons. - Almaty: public Foundation «National Translation Bureau». [in Kazakh]
4. Bitibaeva K. (1997). Methods of teaching literature. - Almaty: «Rauan». [in Kazakh]

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОГО, СТУДЕНЧЕСКОГО ВОСПРИЯТИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ ЛИРИКЕ

КУШКИМБАЕВА А.С^{*}, ЖАЛҒАСОВА А.С

Актыбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан

*e-mail: alitok@mail.ru

Аннотация: Данная статья посвящена лирикам мира, в том числе Магжану Жумабаеву, в стихотворении «Кто я?» не все понимают выраженную мысль и говорится в этом трудность лирики. Метод Канипы Битибаевой используется для того, чтобы убедить читателей и студентов в том, что трудность обучения лирике состоит в понимании произносимых в ней слов, что слова в них – это чувства поэта, что реальная проблема не ясна, читатель сам должен найти проблему. Прежде всего, основная цель – ознакомление с теоретическими знаниями. Перед анализом лирического произведения говорится, что работа с учащимися, красноречивое чтение стихотворения, выяснение у учащихся их самочувствия, использование других видов искусства, связанных с темой, выполнение творческой работы, сопоставление ее с другими произведениями формируют читательское

восприятие. Сопоставление персонажа и прототипа персонажа путем заполнения смысловой карты определяет красоту работы чтеца. Говорится что, этот метод будет эффективен в прохождении поэмы Ильяса Жансугурова «Кулагер». В этой статье читатель – это общее название для читателей и студентов. Стихотворение Толегена Айбергенова «Сагыныш» показывает, что чувствует читатель через метод «мышления с автором».

Ключевые слова: лирика, эпитет, метафора, аллитерация, ассонанс, персонаж.

METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF THE FORMATION OF READER'S, STUDENT'S PERCEPTION WHEN TEACHING LYRICS

KUSHKIMBAYEVA A.S.* , ZHALGASOVA A.S.

K.Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: alitok@mail.ru

Annotation: This article is dedicated to the world's lyricists, including Magzhan Zhumabaev «Men kim?» They say that not everyone understands the thought expressed in the poem, and this is the difficulty of the lyrics. Kanipa Bitibaeva's method is used to convince readers and students that the difficulty of teaching lyrics is to understand the words spoken in it, that the words in them are the feelings of the poet, that the real problem is not clear, that the reader must find himself problem. First of all, the main goal is to get acquainted with theoretical knowledge. Before analyzing a lyric work, it is said that working with students, eloquently reading a poem, asking students about their well-being, using other types of art related to the topic, performing creative work, comparing it with other works form the reader's perception. The juxtaposition of the character and the prototype of the character by filling in the semantic map determines the beauty of the reader's work. They said that this method would be effective in a fragment of Ilyas Zhansugurov's poem "Kulager" Tolegen Aybergenov's poem "Sagynysh" shows what the reader feels through the method of "thinking with the author."

Key words: lyrics, epithet, metaphor, alliteration, assonance, character.

ГТАМР 17.07.31

АМАНТАЙ ӨТЕГЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

М.Р. БАЛТЫМОВА^[0000-0002-2758-8436], **М.С. ВАЛИХАН**^{[0000-0001-8839-3870]*}

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: meru_98_20@mail.ru

Андатпа. Мақалада қазақ ақындық өнерінде өз орны айқындалған көрнекті ақын Амантай Өтегенов поэзиясының көркемдік ерекшеліктері талданған. Әр ақын өз туындылары арқылы әдебиетте тәлім-тәрбиелік және эстетикалық мән дарытуға, қоғам бейнесін танытуға үлесін қосады. Әдебиетімізде өзіндік орнымен ерекшеленетін ақын өлеңдерінде көбіне ақын бейнесі, қоғамдық мәселелер, өмір шындығы көрсетіледі. Ақын өлеңдерінің идеялық-тақырыптық өзгешелігі, жазу стилі қаламгердің өзіндік даралығын айқындайды. Туындыларына ұлттық құндылықтарды, елі мен жерін, тарихын арқау еткен ақынның көркемдік қолтаңбасы танылады. Қаламгер поэзиясында жиі ұшырасатын туған жер тақырыбы нақты мысалдармен зерделеніп, философиялық ойлары мақалада сараланған. Ақын қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерді қозғай отыра, адами қатынастар жайлы тереңдей толғанады. Оның өлеңдеріндегі әлеуметтік, моральдық мәселелер – бүгінгі қазақ қоғамындағы ең өзекті тақырыптар. Ақын өз туындыларында адам өмірін, замандастарының мінезін, іс-әрекетін, кескін-келбетін бейнелеп, заманның бейнесін ашып көрсеткен. Ақынның өлеңдерін психологиялық тұрғыдан қарастыру, ішкі жан дүниесін, өмір шындығын берудегі көркемдік тәсілдерін талдау мақаланың негізгі мақсаты болып табылады. Өлеңдері орыс тілінде жазылғанымен, ақын туындыларының басты тақырыбы – ұлттық құндылықтарды сақтау, туған жерінің табиғатын суреттеу, ел мен жер жағдайын саралау. Бұл ретте ақын қолтаңбасының шеберлігі, көркемдік ерекшелігі, әсерлі сипаттаулары талданады.

Түйін сөздер: поэзия, өмір шындығы, қоғам, ұлттық құндылық, әдебиет, дүниетаным, көркемдік шеберлік.

Әр ақын өз өлеңдерінде замандас бейнесін танытуға, тәлім-тәрбиелік және эстетикалық мән дарытуға, таным көкжиегін кеңейтуге айрықша мол үлес қосады. Өзіндік қолтаңбасы бар Амантай Өтегенов «Нағыз ақын» деген атаққа лайық ақындардың бірі. Амантай қазақ әдебиетіндегі феноменальды көрініс болып қалады. Ол тек ақын ғана емес, сонымен бірге белгілі аудармашы. Амантай Өтегенов Абай Құнанбайұлы, Махамбет Өтемісов, Фариза Оңғарсынова, Қадір Мырза Әлі, Әбіш Кекілбаев, Әбдіжәміл Нұрпейсов, Тахауи Ахтановтың шығармаларын орыс тілінде сөйлетті.

Амантай Өтегенов – орыс тілінде жазатын қазақ ақыны. Өлеңдері орыс тілінде жазылғанымен, бүкіл бояуы, болмысы, табиғаты – қазақтың болмысы. Әрбір өлеңінен қазақшылық пен даланың иісі аңқып тұрады. Оның кез келген өлеңінде қазақы бояу бар. Соның ішінде Амантай Өтегеновтің «Наурыз», «Қазахи», «Бесқунак», «Айтыс» секілді өлеңдерін

ерекше атап өтсек болады. Жұматай Жақыпбаевтың Олжас Сүлейменовке арнаған «Аға» өлеңінде оның өлеңдері орыс тілінде жазғанымен, бүкіл болмысы «қазақтікі» деген образға әкеледі.

Қасокқа әкеп береді балық пен суын,

Іле өзені Қытайдан басталғанымен.

Ағам да сондай.

Алысты жақынға балап,

Қақтырған біздің намыс пен ақылға қанат [1, 58-б.].

Амантайдың өлеңдері сол секілді қанша орыс тілінде жазылса да, өзіміздің қазақтың қоғамын, жерін, тарихын береді, қазақы болмыс көрініс береді.

Академик З.Ахметов «Поэзия шыңы – даналық» еңбегінде поэзия жайында сөз етеді: «Поэзия – сөз өнері. Әдебиеттегі көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол – айналамыздағы дүниені, өмірді танып – білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік, эстетикалық сезіміміздің үлкен өнімді саласы. Сондықтан поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып, соған тікелей жалғас туады. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік дегеніміз – өмір құбылыстарын танып-білу, ұғып-түсіну. Қабілетімен, көркем ой-сезім қуаттылығымен терең тамырласып, қабысып жатады» [2, 11-б.]. Ақын Амантай Өтегеновтің поэзиясынан көркемдік шеберлікті, қоғамдық ой-сананы, ұлттық құндылықты, ақынның дүниетанымын көре аламыз. Амантайдың ақындық бейнесі өз өлеңдерінде көркем түрде көрініс табады. Ол өзін осы киелі әдеби әлемнің бір бөл шегі ретінде санайды. Яғни қатардағы жай қаламгердің бірі емес, даңқты жолдың жалғасы ретінде сезінеді. Оның әдеби ортада елеулі болуының өзі де ақынның өзіне деген сый-құрметі мен табиғат берген дарынына деген шын ықыласы. Ол өзін аса мақтап, асқақтап та кетпейді, алайда лайықты ізбасары болғысы келеді. Мәселен, ақынның мына өлең жолдарына қарайтын болсақ, ақын бейнесіне куә боламыз:

Пусть живут со мной,

напомяная,

Что я – песчинка по сравнению

с Абаем,

И пусть помогут мне в моем стремленьи

Стать мне ну хотя бы

половинкою Абая [3].

Амантай Өтегенов поэзиясының бастауы Абай туындыларынан алынғандығы көрініс береді. Әдебиет әлемінде Амантайдың орыс тілінде жазатындығына қарап сынаушылар да бар. Алайда, осы үзіндіден оның төл әдебиеттен сусындап өскен тел бала екені аңғарылады. «Песня потомка» өлеңіндегі мына жолдарға назар салатын болсақ:

Скажи, земля, ты помнишь Махамбета?

Молчит река. И степь молчит веками,

Храня в себе гортанные ураны.

Вношу в блокнот, склоняюсь над мрачным камнем,

Загадку с первым словом из Корана [3, 53-б.], - деп, ақын ұлы дала тарихын қозғайды.

Ол осынау мылқау жатқан даланың ұрпаққа айтқысы келген мұң-зарын өзінің жыры арқылы жеткізгісі келеді. Амантайдың лирикалық поэзиясы қандай көркем болса, оның азаматтық лирикасы да соншалықты жоғары деңгейде. Бір қызығы, ол өзін кейде қазақ әдебиетінің аясынан да тыс тұлға ретінде көрсетеді. Және бір айта кететін жайт, өзін солармен тең құрбыдай сезінеді. «Наследник» өлеңіндегі мына жолдарда:

И глубинная мудрость Абая,

И тончайшая грусть Навои,

И Есенина песнь голубая,

И улыбка Джоконды – мои , - дейді де, әрі қарай былай деп жалғастырады:

Все, что сделал и выдумал Ното

Sapiens, унаследовал я....

А к наследию этому что-то

Я обязан прибавить свое [3, 65-б.].

Ақын шығармашылығында өмір суреттері, адами қатынастар, қоғам бейнесі ерекше көрініс табады. Саналы ғұмырын журналистік қызметке арнаған ақынның адамдар арасындағы сезім, адалдық, сатқындық, т.с.с. қасиеттерді символдар арқылы жеткізуі суреткерлік шеберлігін көрсетеді. Амантай Өтегенов өзінің досы Мейірхан Ақдәулетұлына арнаған өлеңінде:

Как мало овец в степи осталось,

как много развелись волков.

Нам осень человечества досталось,

Не мы мельчаем,

мир теперь таков...

Замана көрінісін ақынның дәл осылай суреттеуі шынайы және нағыз уақытында қойылған «диагноз» деуге болады. З.Қабдоловтың: «Шын мәніндегі көркем сөз ұсталары қашан да болсын, өз өнер туындысына айналдырып отырған өмір шындығын бетінен қарпымай, тереңнен қамтиды; жалаң алмайды: ішкі қыртыстарымен қоса, қопара көрсетеді; қолдан бояп, жасандылыққа апармайды, өз түр-түсімен табиғи қалпында кескіндейді», - деген пікірінің ақиқаттығын А.Өтегеновтің өлеңі дәлелдей түсті [4, 213-б.]. Иесіз қалған қоғам, ақылшысы жоқ тобыр, бас-көзсіз, бағдарсыз қалып адасқан адамдар. Заманның суық уақытында талан-таражға түскен ұлт мұрасы, руханияты, ділі – осының бәрінің ақын көңіліне тастай батқаны көрінеді. Өлең жолында «бізге адамзаттың күзі бұйырыпты» деген эпитеттің өзінде де үлкен символдық белгі жатыр. Абайдың «Күз» немесе «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» секілді өлеңдерінде адамдар халін суреттеуіне ұқсап кетеді. Ақын айтқандай, мүмкін біз де ұсақталып бара жатқан шығармыз. Адамзат та, қазақтар да...

Құлағының түбін жарып бара жатса адам зарын естімейтін, көз алдындағы сұмдықтар көрмегендей көз жұма беруге еті үйренген мынау тасбауыр қоғам мен адамдардың ішкі жан дүниесін көргенде кейде іштей күйінесін. Сол кезде Мұқағали секілді ақ қайыңмен сырласып кеткің келеді. Ал ақын Амантай болса өзінің осы жалғыздығын, меңіреу қоғамның бейнесін «Забор» өлеңінде былайша келтіреді:

Стоял я долго

У забора.

В воротах на глухом

Запоре,

Стучал.

Кричал.

Мне не открыли.

А за забором

Люди были.

Но мне ответил

Только пес [3, 36-б.], - дейді ақын. Осының өзінде бәрі түсінікті, бәрі ұғынықты. Тек үнсіз ғана келісесің.

Оның өлеңіндегі «туған жер», «дала» бейнесі қазақ поэзиясындағыдай пафосқа толы емес. Ол кейде туған даласын жақсы көреді, кейде жек көреді. Кейде мүлде тастап кеткісі келеді, кейде өбіп құшқысы келеді. Алайда оның осы далаға деген махаббаты шынайы, әрі шексіз. Және ол одан тым қашық та емес, жан-дүниесіне еніп кеткен. Ақын өлеңдерін оқып

отырған кезде сол даланың перзенті екендігінді және соны сезіне отырып оқысың. Ақынның бір ғана дала өлеңіндегі жолдарды оқи отырып, Мұқағалидың «көр болса да болса екен қазақ жері, Қазақ жері болғасын – Атамекен» дейтін жолдары еске түседі. Ақынның мына өлеңінде:

Был в тебе разочарован,
Степь, Тебя я разлюбил,
Стал к тебе я равнодушен,
Не люблю тебя теперь,
Долго по свету скитался,
Пережил немало бед...

Разлюбить тебя пытался, – дейді де, алайда одан артық мекен жоқтығын, шексіз махаббатын:

«Но к тебе вернулся снова,
Без тебя я жалким был.
... Но сыскать не мог я лучше,
Равных не нашел тебе.
... Разлюбить тебя пытался –

Равных не нашел тебе [5, 77-б.], - деп жеткізеді. Оқырман да ақынмен қосыла дәл осы күйді бастан кешіреді. Олжас Сүлейменов өлеңдеріндегі дала көрінісі қалайша көркем болса, Амантай Өтегенов өлеңдеріндегі дала көрінісі де сонша асқақ

Чти предков.
Уважай себя.
Служи за честь,
А не за плату.
И свою родину любя,
Будь воином и азаматом [5, 9-б.].

Бұл ақынның өз ұлына арнаған «Сыну» атты өлеңінен үзінді. Жай ғана өз перзентіне емес, осы халықтың барша баласы арнаған үндеу сынды. Біз қарастырған ақын поэзиясының кейбір тұстары осы. Орысша жазса да, өлеңінен ұлттық құндылықтар көрініс беретін ақын мұрасы уақыт өткен сайын жаңа қырынан ашыла бермек.

Әдебиеттің құндылығы – оның көркемдігінде. Әдебиеттегі өмір – қаламгердің ой-қиялына салынып, ой сүзгісінен екшеліп шыққан көркемдік әлемі. Осы көркемдік әлемнің өзіне тән «тұрғындары», яғни көркем бейнелері, кейіпкерлер әлемі болады. Адамның ішкі ой мен сезім қайшылықтарынан туындайтын сыртқы құбылыстарға ерекше ден қойып, сана

ағымына бойлаған ақын өз шығармаларында алуан түрлі көркемдік эксперименттерге барады. Осы әдіс-тәсілдер арқылы ол қайталанбас көркемдік әлемін жасайды, шығарма идеясын да нақты жеткізеді және көркемдей түседі. Бұл ретте ақын Ә.Нілібаев: «Поэзия – қасиетті ұғым. Поэзия – адманың ішкі сезімінің тіл жетпес тылсымында жатқан әсем әлемі. Поэзия – адамның ішкі ішегінің қырындысы. Поэзия – жеке адамның ешкімге айтпас құпия қастерлі ішкі сыры. Сонымен бірге поэзия – әлемдік ұғым. Поэзия тек қана ішкі сезім емес. Поэзия – адам жанының алаулаған алтын жалыны. Поэзия – адам жанының жыршысы. Поэзия – тарихтан да, тіпті философиядан да жоғары екенін бағзы заманнан-ақ ұлы Аристотель айтып берген ғой. Поэзия – әлемнің жыршысы. Поэзия – субстанция. Поэзия – ақылдың айнасы. Поэзия – халық мұңы, өнердің шыңы», - деп көрсетеді [6].

Поэзияда ерекше көркемдік қолтаңбасымен танылып қалыптасқан көрнекті қаламгер Амантай Өтегеновтің өлеңдері әдебиетімізді байытып, тереңдете түсті. Оның қаламынан туған өлеңдеріне арқау болған әлеуметтік, моральдық мәселелері – бүгінгі қазақ қоғамындағы ең өзекті тақырыптар. Оның өзіндік стилі, көркемдік ерекшеліктері ерекше әсер қалдырады. Ақын өз өлеңдерінде ұлттық құндылықтар мен адамгершілік мәселелерін ұлттық бояулармен, ұлттық концептілермен көркем жеткізе білген. Амантай Өтегенов шығармалары өзіндік философияға құрылып, қазақы болмыспен өрілген.

Әдебиеттер тізімі

1. Жақыпбаев Ж. Кенежирен: Өлеңдер/ Құраст. Б.С.Қошым-Ноғай. – Алматы: «Раритет», 2005. – 288 б.
2. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: «Фолиант», 2002. – 408 б.
3. Утегенов А. Мост через остров. Сборник стихов, сонетов, газелей. – Ақтобе, 1999. – 226 с.
4. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалары. Т. 2. – Алматы, 1983. – 456 б.
5. Утегенов А. Дом из запятых. Сборник стихов, сонетов, газелей. – Ақтобе. 2007– 413 с.
6. Нілібаев Ә. Поэзия және философия // Жас қазақ. – 2010. – 6 тамыз.

References

1. Zhakyrbayev Zh. Kenezhiren: Olender/Qyrast. B.S.Qoshym-Nogai. – Almaty: «Raritet», 2005. – 288 p. [in Kazakh.]
2. Akhmetov Z. Poezia shyny – danalyq. – Astana: «Foliant», 2002. - 408 p. [in Kaz.]

3. Utegenov A. Most cherez ostrov. Sbornik stikhov, sonnetov, gazelei. – Aktobe, 1999. – 226 p. [in Rus.]
4. Kabdolov Z. Tandamaly shygarmalary. T.2. – Almaty, 1983. - 456 p. [in Kaz.]
5. Utegenov A. Dom iz zapyatykh. Sbornik stikhov, sonnetov, gazelei. – Aktobe. 2007 - 413 p. [in Rus.]
6. Nilibaev A. Poezia zhane philosophia // Zhas Kazakh. – 2010. – 6 тамыз. [in Kaz.]

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПОЭЗИИ АМАНТАЯ УТЕГЕНОВА

М.Р. БАЛТЫМОВА, М.С. ВАЛИХАН*

Актыбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан

*e-mail: meru_98_20@mail.ru

Аннотация. В статье проанализированы художественные особенности поэзии известного поэта Амантая Утегенова, определившего свое место в казахском поэтическом искусстве. Каждый поэт через свои произведения вносит свой вклад в воспитание, развитию в литературе воспитательного и эстетического смысла, в представление образа общества. В стихах поэта, отличающихся своим местом в литературе, часто отражается образ поэта, общественные проблемы, реалии жизни. Поэзия, стиль письма подчеркивают индивидуальность писателя. В его произведениях признается художественный почерк поэта, вобравшего в себя национальные ценности, страну и землю, историю. Тема родного края, часто встречающаяся в поэзии писателя, изучается на конкретных примерах, философские мысли анализируются в статье. Поэт углубляется в человеческие отношения, затрагивая актуальные вопросы казахского общества. Социальные и моральные проблемы, пронизанные в его стихах – одно из самых значимых тем в современном казахском обществе. В своих произведениях поэт отразил человеческую жизнь, поступки, характер и облик современников, раскрыл образ времени. Психологическое осмысление стихотворений поэта, анализ художественных приемов передачи внутреннего мира, реалий жизни являются основной целью статьи. Несмотря на то, что стихи написаны на русском языке, главная тема произведений поэта – сохранение национальных ценностей, описание природы родного края, анализ состояния страны и земли. Анализируются мастерство, художественная самобытность, впечатляющие описания в произведениях поэта.

Ключевые слова: поэзия, реалии жизни, общество, национальные ценности, литература, мировоззрение, художественное мастерство.

ARTISTIC FEATURES OF AMANTAY UTEGENOV 'S POETRY

M.R. BALTYSOVA, M.S. VALIKHAN*

K.Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: meru_98_20@mail.ru

Abstract. The article analyzes the artistic features of the poetry of the famous poet Amantay Utegenov, who determined his place in the Kazakh poetic art. Each poet, through his works, contributes to education, the development of educational and aesthetic meaning in literature, and the representation of the image of society. The poet's poems, distinguished by their place in literature, often reflect the poet's image, social problems, and the realities of life. Poetry, writing style emphasize the individuality of the writer. His works recognize the artistic handwriting of the poet, who absorbed national values, country and land, history. The theme of the native land, often found in the writer's poetry, is studied by concrete examples, philosophical thoughts are analyzed in the article. The poet delves into human relations, touching on topical issues of Kazakh society. The social and moral problems permeated in his poems are one of the most significant topics in modern Kazakh society. In his works, the poet reflected human life, actions, character and appearance of contemporaries, revealed the image of time. The psychological understanding of the poet's poems, the analysis of artistic techniques for transmitting the inner world, the realities of life are the main purpose of the article. Despite the fact that the poems are written in Russian, the main theme of the poet's works is the preservation of national values, a description of the nature of his native land, an analysis of the state of the country and the earth. The author analyzes the skill, artistic identity, impressive descriptions in the works of the poet.

Key words: poetry, realities of life, society, national values, literature, worldview, artistic skill.

ГТАМР 17.07.31

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВТІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЛИРИКАСЫ

М.Р. БАЛТЫМОВА^{[0000-0002-2758-84361]*}, **Н.С. ЧАПАЙ**^[0000-0002-0300-319X2]

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: mbr76@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада көрнекті ақын Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы, соның ішінде ақын мұрасындағы философиялық көзқарастары жан-жақты талданған. Ақынның әр өлеңінің мән-мәтінінен көрініс беретін автордың ішкі толғанысы, шығармашылық шабыты мен оны оқырманға жеткізудегі бейнелі сөздері Өтежан Нұрғалиевті басқа ақындардан ерекшелеп тұрады. Пәлсапа ұғымы тек қана қоршаған ортаның, білім мен ғылымның, қоғам мен мәдениеттің ғана емес, сонымен қатар адамның да өзін де түсінуге ұмтылатын күрделі де мағыналы ұғым. Өзінің қамтитын мәселесі жағынан да ол біршама ғылымдармен тығыз байланыс орнатады. Философияның әдебиетпен тығыз байланысы қазіргі заманғы қарастыратын мәселелерімен, ой-пікірлерімен тарихи үрдіске әсер етеді. Бұл ретте ақынның адамның ішкі рухани болмысы мен адамгершілік жөніндегі терең ойлары және өмір құбылыстары туралы білдірген пікірлері оның шығармашылығындағы автордың өз бейнесін танытатын көркемдік шеберлігі ретінде талданады. Ақынның «Афина мектебі» жинағында қоғамда бір рет жалт етіп, жоқ болатын жағдайлар мен өзгерістер жоқ. Автор бұл еңбегін жазуда басты мақсат етіп Адам Ата мен Науа Анадан басталған бүкіл адамзаттың жағдайын жырлауды алған, сондықтан ертедегі бағзы замана сазы, өлім мен өмір, тағдыр мен тіршілік, жақсылық пен жамандық сынды мәселелер көтерілген.

Түйін сөздер: философиялық лирика, әдебиет, поэзия, қоғам, мәдениет, жаратылыс, дін.

Өзі өмір сүрген заман шындығын ақындық шалқар шабытымен жырлай отырып, тұтастай бір дәуірдің поэтикалық панорамасын беруді мақсат тұтқан Өтежан Нұрғалиевтің шығармашылық жолы – төл әдебиетіміз үшін айрықша құбылыс.

Ақын Өтежан Нұрғалиевтің қаламынан шыққан әрбір туындының ұлттық бояуының сипаты қалың қазақы лирикадан «қарасөздік» сұсты, әрі ащы ақиқат жыршысына айналуымен құнды. Әлемдік пәлсапа бастауы саналған грек ойшылдарын бетке ұстай отырып, ғаламзат пен адамзат жаратылысы, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, болмыс сырын және де соғыс жылдарындағы ел басына түскен ауыртпашылық, балалықсыз өткен сәби шақ, қажыр-қайрат пен ізгілік сезімдерін көркем сөзбен бейнелі өрнектеуі – оның әдебиет әлеміне әкелген батыл қадамы еді.

Ақынның философиялық лирикасы турасында сөз қозғамас бұрын, ең алдымен, пәлсапа ұғымының мәнін ашып алайық. Пәлсапа – бұл даналыққа ұмтылу. Ол өзінің бойына барлық білімдерді сіңіреді, өйткені жеке ғылымдар әлемнің тұтас бейнесін түсіндіріп бере алмайды. Сол себептен де оның жетекші мәселесі – ғаламның бар екендігі. Пәлсапа тек қана

қоршаған ортаның, білім мен ғылымның, қоғам мен мәдениеттің ғана емес, адамның да өзінде түсінуге ұмтылады. Соған сәйкес, өзінің қазіргі заманғы ой-пікірлерімен тарихи үрдіске әсер етеді. Осы ретте философия ғылымдарының докторы, профессор Ә.Тұрғынбаев пәлсапа ұғымы жөнінде: «...Пәлсапаның негізгі мәселесінің мәні шындықтың екі негізгі типінің – объективтік, материалдық және субъективтік, идеялық жақтары бар екенін және олардың қайсысы алғашқы, қайсысы кейінгі екенін мойындауда... Пәлсапаның негізгі мәселесі материалдық пен руханилықтың қайсысы алғашқы деумен ғана шектелмейді. Ол сонымен қатар материалдық деп нені, руханилық деп нені түсіну керек деген сұрақты да қамтиды. Осыған байланысты материализмнің ішінде де, идеализмнің ішінде де негізгі философиялық мәселені қоюына, шешуіне қарай түрліше тармақтар пайда болады» [1, 13-б.], - дейді.

Ұлы жазушылардың еңбектерінде де, әдеби шығармашылықтың материалы мен тілінде де тұтас пәлсапалық көзқарастардың түпкі өзегі жатыр. Ежелгі дәуірдегі төл әдебиетіміздің де толғау ақындарының шығармашылықтарына пәлсапалық көзқарастардың арқау болғандығын аңғарамыз. Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы бастап дамыта түскен дәстүрлер тағы бар. Яғни, қазақы дәстүрдегі пәлсапа көркем сөз арқылы ой-толғау туғыза білуінің арқасында ақын-жазушыларымыздың, жыршы-жырауларымыздың туындыларында өзгеше бір сипат алады. Бұл ретте философ ғалым Ә.Нысанбаев: «дала поэзиясы – қазақы дүниетануды түсінудің, халықтың өзін-өзі танудың қайнар бұлағы. Мұнда дүниенің қазақы ұлттық түсініктегі бейнесі, философиялық және поэтикалық астары қабыса, асқан көркемдікпен кестеленген. Халқымыздың кемел ойы, пәк гуманизмі, асыл мұраты, терең сезімі, ұлт болып ұйысу тарихы, өкініштері мен сүйініштері – бәрі-бәрі оның поэзиясында сайрап жатыр. Қазақ поэзиясы – қазақ халқының рухани даму эволюциясының шежіресі іспеттес. ...Ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи жадын, бірегей ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ерекше ділін, төл мәдениетін дамыту, аман алып қалу жолында жанталасуы қажет. Себебі, қазақ жыры бар кезде, оны оқитын ұрпақ өсіп-өніп жатқан кеңістікте қазақ ұлты да ғұмыр кеше бермек» [2], - деп ой қозғайды. Ал философиялық лирика – көпқабатты (көркемдік, эстетикалық, танымдық, діни аспектісі астасқан) жанр.

Белгілі сыншы С.Әшімбаев: «Қазіргі қазақ әдебиетінің даму тарихында алпысыншы жылдардың алар орны айрықша. Себебі, осы мерзім аралығындағы әдебиетіміздің творчестволық өсу, толысу, толығу жағы басқа уақыттармен салыстырғанда ерекше көзге түседі. Алпысыншы жылдар аумағында әдебиетіміздің барлық жанрларында ізденіс үстінде ілгерілеу процесі болды. Осы кезеңде әдебиет табалдырығын аттағандар санымен де,

сапасымен де өзгеше жақсы әсер қалдырады. Бүгінде бұл толымды толқын өкілдері әдебиеттің қай саласында да өндіре жазып өнімді еңбек етіп келе жатыр... Біз сөз қозғағалы отырған Өтежан Нұрғалиев осы тегеурінді буынның тең ортасынан орын алады» [3, 8-б.], - деп ақын тұлғасы мен шығармашылығы туралы орамды ой айтады.

Зерттеушілер Өтежан еңбегін үшке бөледі. Бірінші – лирикасы, екінші – өмірбаяндық балладалары («Соғыстың соңғы жазы»), үшіншісі – философия тақырыбына жазылған «Афина мектебі». Ақын қаламынан туған отызға жуық жыр жинағы басылды. Олар: «Менің махаббатым», «Түрлі түсті кітап», «Ақ нәсер», «Нәсерден кейін», «Кемпірқосақ», «Қайыңды тоғай», «Ай астында ақ боз үй», «Таңдамалы», «Соғыстың соңғы жазы» (4 кітап), «Афина мектебі», тағы басқа еңбектері. Өмірінің соңғы жылдары 1000-ға жуық өлең, балладалар жазған.

Ақын Өтежан Нұрғалиевтің пәлсапалық көзқарастары көркем әдебиетімізде терең орын алады. Ертедегі бағзы заман, өлім мен өмір, тағдыр мен тіршілік, жақсылық пен жамандық сынды мәселелерді көтеретін ақынның «Афина мектебінде» қоғамда бір рет жалт етіп, жоқ болатын жағдайлар мен өзгерістер жоқ. Себебі автор бұл еңбегін жазуда Адам Ата мен Хауа Анадан басталған бүкіл адамзаттың жағдайын жырлауды басты мақсат етіп алған. Ақынның тіршіліктің шынайы философиясын танудың өрісін осылайша өткеннен іздеуі оны «Афина мектебіне» әкелді. Ол өзінің «Афина мектебі» кітабында көне грек философиясының шытырман тарихын баяндай отырып, арасына қазақ даласының кейіпкерлерін қосады және оның ойынша, әрбір ауылдың ақсақалы Сократтан немесе Гераклиттен кем емес.

Автордың осы «Афина мектебі» жайында жазған сөзінен үзінді келтірсек: «...Игіліктің ерте-кеші жоқ, құдай сәтін қаласа, енді жарық көргелі тұрған бұл кітапқа адамзаттың дана ойының бесігі болған бағзы заман даналары өзек етілді. Мен Грецияда болған да емеспін, оның тілін де оқыған емеспін, өнеріне де етене қанық емеспін. Мүмкін, сондықтан ба екен, мұсылман пәлсапасының өзегіндей Зұлқарнайынға тәрбиеші болған Аристотель, оның ізгілік, ар, иман туралы қалдырған мұрасы мені қатты тебірентті. Сократтың тағдыры, оның Абай үлгі ұтқан хакімдігі өз алдына бір төбе тақырып болды. Ал Платонның бүкіл философиялық ойлау жүйесі, оның өз тағдыры, надандықтың қара түнегін сәулелендірген ойлары, диалогтары менің жан дүниеме өлең боп енді. Телевидениеде балаларға, мектеп жасындағы жеткіншектерге хабар арқылы да біраз насихаттаған бұл ойларым оқырман алдына барса, оның бағасын оқығандар берер күн туса, одан үлкен не мұрат бар?..». Автордың бұл сөздерінен біз аталмыш еңбектің бірден жарық көрмей, бірнеше жыл суырмада жатқандығын аңғарамыз. Өз ойын автор мынадай пәлсапалық көзқарастарымен аяқтайды: «...Аспанда жалғыз билеуші бар –

Әлемді, сөзді сол жаратса, оның жалғыз қызы Афина философияны кілемнен тоқып, Аспанның әміршісі Аполлон күйменен шерткен екен. Қазақтың әр ауылында байлап қойған аттай төбе бар, төбе басында тқбеби ақсақал бар. Қазаққа ақылды ызындаған жел айтпайды, ақсақал тебіренгенде аузынан төккен маржандай билік, лағылдай мақал, мәтел айтады. Әр ақсақалымыз бір-бір Сократ болса, әр заманымыз бір билік болса, біз неге жерден бас көтермейміз! Қазаққа философтар аспанынан жұлдыз теретін, оны ақын арқылы жазып беретін күн туды. Менің айтарым осы» [4, 4-б.]. Еңбектің атауының өзінің «Афина мектебі» деп аталуының өзінде үлкен бір мән-мағына жатқан секілді. Афина қаласы – ежелгі өркениет орталықтарының бірі, Грекияның астанасы. Қала-мемлекеттің қалыптасу тарихын баяндайтын негізгі еңбек те Аристотельдің «Афина политиясы» болып табылады. Афиналықтар шежіресі бойынша, қала Афина акрополинің төңірегінде таңдаулы рулық қауымдарды біріктірудің нәтижесінде пайда болған. Әрбір елім, жерім, халқым, отаным деген азамат ұлтына қызмет етуге міндетті. Қызметтің түрін талдау өз мүмкіндігі мен рухына байланысты. Алайда Афина мектебінің сабағына үңілсек, қарапайым жандардың барлығы да ұлтына қызмет етіп, ұлтшылдық рухын көрсете алады. Ежелгі Афина азаматтарына эллада тілінде сөйлей алмайтындармен некеге тұруға заң жүзінде тыйым салынған. Бұл заң талабын орындау грек патриотизмі ретінде қабылданған және мемлекеттік дәрежеде насихатталып, бұлжытпай орындалған. Олай болса, ұлтшыл боламын деген қазақ азаматы мен қазақ азаматшасы не істеу керек?! Әрине, Афина мектебін негізге ала отырып, өзге тіл мен өзге діннің аясын шектейтін ұлттық намысты көтеру қажет.

Өтежан Нұрғалиевтің де «Афина мектебі» атты көлемді еңбегі өз мазмұнына Афина мектебі хақында «Төрт анық туралы. Будда мен Шәкәрім», «Дүниенің үш бағын ажырату», «Архимедті тірілту», т.б.; су идеясы турасында «Гомер мен Гесиод», «Фалес»; от идеясы немесе Гераклитке апарар жол хақында «Анаксимандр: адамның балыққа айналуы», «Анаксагордың соңғы сөзі», «Гераклит: жауыздыққа жауап берген жаңғырық»; Элеяның бірінші ұстаздары Ксенофон, Парменид, Зенонды; өмір сүру өнеріне қатысты «Бәрін білген адам өмір нәрін кері қарай шақырады», «Стойктер туралы. Зенон Стойк», «Эпикурдың бағы», «Қараңғыда күн сәулесін төгетін жыршы ғана» сынды мәселелерді қамтиды.

Осы еңбегіндегі «Өмір жыры» атты жыр жолдарында автор:

«...Ұсынды өмір кейде жалған. Жалған деген өмірің бе,
Шын дүниеге қол созуға – жұлдыздарға көңіліңде?
Көңілімізде қаймақ болса, Абай айтқан қаспақ жемің,
Неге мені пәс қыласың, жанартаудай асқақ демім?!»

Үлкен бақыт жолым емес, мезгіл де сол ұстаз айтқан,

Өсиеті сол өсиет, орындалмай, күшті азайтқан.

Діңкемізді құртқан да сол – байлық деген мұра ма екен?

Қол жетпейтін жалған мұрат неге Жолға тұрады екен?..» [4, 47-б.]. - деген сөздері арқылы бұл дүниенің жалған екендігін және де өмірдің мәні байлықпен, ақшамен өлшенбейтіндігін терең пәлсапалық ойымен жеткізе білген. Ал «Кір дүкенге, кілт мынау: ой кедейлігі – ең жаман кедейлік» өлеңінде автор:

«Есік алды адамдар, өзіміздей олар да,

Ашылуын күтеді оның тура сегіз боларда.

Біреулерге киім керек, біреулерге басқа бір

Қызық дүние, қызық өмір... бейне жанған тас көмір...

...Мен де сондай дүкен аштым сол көшенің бойынан,

Хабар берсем деген оймен ұлылардың ойынан...», - дейді. Өлеңнің осы тұстағы жолдарынан ақын өмірдегі ең жаман нәрсе – ойдың кедейлігі екендігін ашып көрсетеді, яғни адам ретінде ешкімге жақсылық жасай алмау, адамдық ойдың болмауы.

«...Арға сауда жүре алмайды, жанға сауда жүргенмен,

Кір, шырағым,

Бай боласың бұл дүкенде кіргеннен...». Бұл жолдардағы автордың «бұл дүкен» деген сөзді ерекше бөліп алуының себебі бар сияқты. «Дүкен» сөзін өзінің жыр жолдарына басты арқау етуінің астарында да терең мағыналы ой жатқан секілді.

«...Байлық деген біреу болса, тазарады жүрегің,

Тек ештеңе білмейтін жан екенімді білемін», -

Деген ғой бұл Дүкен иесі, сөздің иесі Сократ,

Мен де талай Сократ болдым, Жар басында тоқырап...», - деген жолдарда «дүкен» сөзінің мағынасын автор сөз иесі деп көрсеткен грек ойшылы Сократтың ойларымен тоғыстырады. Яғни «дүкен» – көркем ойдың синонимі. Осы тұста автордың ақындық шеберлігі байқалады. «...Менің де дүкенім бар жылдар бойы жүрегімде ұйықтаған,» - деп, автор жан дүниесіндегі кемел ойларын оқырманға біртіндеп жеткізе бастайды. Өтежан Нұрғалиев өзіне дейінгі Ұлы Адамдардың ой-пікірлерін тұжырымдай келе, өзінен кейінгі ұрпаққа адамшылық мен адалдықтың, әділеттіліктің, дарқандық пен даналықтың мәнін осы бір жыр жолдары арқылы көрсетеді. Батыс философиясының негізін қалаушы ежелгі грек философы Сократты, «адамзаттың бірінші ұстазы», грек ойшылы Аристотельді, ежелгі грек материалист-философы Эмпедоклді, өзіміздің төл әдебиетіміз бен тарихымыздағы қоғам

қайраткерлері, қазақтың көркем ақын-жазушылары Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлинді өлең жолдарына кірістіре келе, өзінің терең пәлсапалық ойларының бастауында осы ірі тұлғалардың білім-тәжірибесі жатқандығын көрсетеді.

«...Кірсін менің Дүкеніме туған жердің ұл-қызы...

...Сырым да осы, жырым да осы туған елге айта алған,

Көздің ақ пен қарасындай ұясында шайқалған...

...Ашық тұрған терезенді батқан күнге тапсырып,

Келер күнгі таза ауаңа тілейін мен жақсылық!» [4, 24-32 б.], - деп жыр жолдарын аяқтай келе, «дүкенінің» кілтін, өмірдегі бар жиған білімі мен тәжірибесін саналы ұрпақтың қолына табыстайды.

«Афина мектебіне» енген «Дүниенің үш бағын ажырату» деген тағы бір өлеңінде:

«...Үш бағы бар дүниенің, Бірі – оның Жастығы...

Екіншісі – сол арқылы Дүниені тануы...

Үшінші Бақ – Ақыл Бағы, кемелденген Ой бағы...» [4, 19-б.], - деп, дүниенің үш бағытын сараласа, «Даудың басы – біреуге зорлық жасасам екен» өлеңінде пендешілік, адам бойындағы жағымсыз қасиеттер мен пендешілікпен жасайтын іс-әрекеттері жөнінде сөз қозғалады.

«Ерте деме Ештеңені, Ақымақ деп және айтпа,

Ақымақты дәл бағалап, Өшпенділік молайтпа!» [4, 273-б.] - деуі арқылы кез келген жағдайда сабырлылық сақтай білу керектігін, ойланбай сөйлеудің артының еш жақсылыққа апармайтындығын, адамдардың құбылмалы мінез-құлқы мен жағымсыз қылықтарының адамдық көркінен айыратындығын меңзейді. «Бес саусақ бірдей емес» демекші, адамның да мың түрлі түрі бар. Ал сол мыңның арасынан ерек болып ерекшеленудің жалғыз жолы ретінде автор елден бұрын жете алмайтын дәрежеге жүгірмеуді, өзіндік дегеніңе жетсең де соның лебіне масаймауды, ешкімді ренжітпей, әлсіздерді жылатпауды тілге тиек етеді. Бұдан Өтежан Нұрғалиевтің «Афина мектебі» хақында жазылған өлеңдерінің астарында мол мағына жатқандығы аңғарылады. Жалпы ақынның лирикасындағы пәлсапалық ойлары өте күрделі, мағынасы терең. Ой-идеяларын да ашық түрде емес, астарлап тұрып жеткізеді. Қазақ поэзиясында ақынды өзге тұлғалардан ерекшелендіріп тұратыны да осы тұсы.

Ақын Өтежан Нұрғалиевтің шығармашылық портреті туралы жазушы, мәдениеттанушы Әуезхан Қодар өзінің «Еленбеген асулар» атты мақаласында «Афина мектебіне» қатысты былай дейді: «...Өтекеңнің грек антикасына баруы өте орынды. Сосын, шынын айту керек, көне грек мәдениеті аттап өтуге болмайтын мәдениет қой. Бұл – адамзат өркениетінің алғашқы

негідері салынған мәдениет. Сондықтан ол әрбір этностың, әрбір ұлттың жадында жаңғыруға тиіс. Өтекеңнің табысы мол, біздің философтардың өзі бұл тақырыпқа назар аудармай тұрғанда, Өтекең оны бізге поэзия тілімен жырлап берді. Мен, өз басым, Өтекеңнің тапқан осы үрдісі – Батыс мәдениетімен жақындасу, қазақ ұлтын жаңартуға, қайта түлеуге апаратын жол деп санаймын...» [5, 98-б.]. Автордың бұл ойымен толықтай келісуге болады.

«...От қалмайды жер астында жер үстіне шықпаған,

Сөз қалмайды жер үстінде мағынасын ұқпаған...

...Жер жұлдызы жақындайды жұлдыздарға көктегі

Бір жанатын кезеңдерге жетпесе де... жеткені.

Солай дейді Рафаэль – Искусство көктемі,

Аспан егер... мектеп болса, ол – Афина мектебі...», - деген өлең жолдары арқылы автор Афина мектебінің түпкі мағынасын толықтай ашып беріп тұр.

«...Дүниеге келген әрбір екі аяқты Пенденің –

Мен сенгенмін – жұлдызының жануына – сенгенмін...», - деп, жер бетіндегі әрбір адамның бұл өмірдегі өзіндік орны мен орындайтын миссиясы болатындығын көрсетеді.

«...Өз атымнан қосатыным, айтып-айтып шаршаған,

Ұлы Тудың астында тұр адал ниет барша адам.

Ту бетінде жалғыз тілек – Жер бетінде... Тыныштық...

Жер мен көкке сонда ғана тең орнайды Тыныштық...», - дей келе, автор сөзінің соңын:

«...Адам деген – дүниенің бір келетін қонағы,

Үзілмесін аспандағы жұлдызының жолағы...» [4, 356-б.], - деп аяқтайды.

Жазушы Ә.Кекілбайұлы Өтежан Нұрғалиев туралы: «Ерекше күйініп, ерекше түңілетін Өтежан Нұрғалиев әлі сол өте жұмбақ қалпында. Азу тигізбестей асау. Тіл тигізбестей тылсым. Оның тұңғиығына бойлаймын деп әлі талай ұрпақтың қары талады...», - деп сипаттайды [6, 5-б.]. Ақын шығармаларындағы жалпыадамдық құндылықтарды саралағанымызда, әсіресе, уақыт пен кеңістіктің атқарар рөлінің айрықша үлкен екеніне көз жеткіздік. Өйткені аталмыш қос философиялық категория әлемді танудың басты тіректері болып саналады. Уақыт пен кеңістік кейіпкерлер болмысын ашуда зор қызмет атқарады. Тарихи-реалды уақыттан әдеби-көркемдік уақыттың бір ерекшелігі сол, автор-баяндаушының немесе автор-кейіпкердің уақытты баяулату – ретродациялық тәсілдерді еркін қолдануында болса керек. Өйткені «көркем әдебиеттің уақытты тығыздай алатын, қысқартатын, ұзартатын пәрмені бар, олар сюжет дамытуға, психологизмді күшейтуге қызмет етеді» [7, 120-б.]. Сыршылдық және философиялық кеңдік Өтежан Нұрғалиев лирикасының басты мүддесі екені шүбәсіз. Сонымен

бірге ақындық қуаты мен эстетикалық талғамы үндесіп келіп, ерекше пафоспен асқақтатып берілген, қайталанбас осындай айқындаулармен даралана түседі. Тұтас өлеңнің жеткізер идеясы бар да, жекелеген шумақтар мен тармақтарда кейде астармен, кейде ашық айтылған кесек-кесек ойлар, үзік-үзік пайымдаулар, қысқа-қысқа философиялық түйіндер бар. Себебі өмір шындығы – тарихи, философиялық-эстетикалық ұғым. Ақын тек мағыналы ойларды, сұлу сөзбен безендіріп, белгілі бір ұйқасқа құрып бере салатын өнер иесі ғана емес. Әдеби қарымы қуатты, тілдік, стилистикалық қуаты бай, философиялық танымы жоғары, психологиялық қабілеті биік, эстетикалық тынысы кең сөз өнеріндегі әлеуеті жан-жақты ой иесі. Ақын Ө.Нұрғалиевтің философиялық мәнге құрылған терең тынысты жырларының ішінде ер мен ерлік, адалдық пен азаматтық, туған ел мен жерге деген сүйіспеншілік тақырыбындағы ойға құрылған өлеңдері ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінен маңызды орын алады.

Ойымызды түйіндейтін болсақ, «Афина мектебі» – Өтежан Нұрғалиевтің тосын үнді пәлсапалық ойларын толығымен жинақтаған еңбек. Ақынның Афина мектебі хақындағы терең ойлары оқырманды көне грек мәдениетінен хабардар еткізіп қана қоймайды, сонымен қатар өмірдің мәнін кеңінен ұғынуға, нағыз бақыттың кілтін табуға, әлемде тек бейбітшілік, тыныштық болғанда ғана, өмірдің мәнді болатындығын және де өмірдегі ең құнды нәрсе адам болып қалу, адамшылық екендігін де көрсетеді. Өтежан Нұрғалиевтің шығармашылығы әдебиетімізде соны қалпында айрықша орынға ие. Жоғарыда талдап көрсеткеніміздей, ақынның пәлсапалық көзқарастары да дүниенің өткінші, жалған екендігін сипаттап, өмірге шынайылықпен және шыншылдықпен қараудың керектігін ұғындырады. Ақын шығармалары өмірдің мәні мен қайшылықтары проблемасын өзектендіретін риторикалық фигуралармен, философиялық мәселе қоюмен немесе лирикалық сыршылдықпен аяқталып отырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Тұрғынбаев Ә.Х. Философия: Оқулық. – Алматы: «Білім», 2005.
2. Нысанбаев Ә. Екі мың жылдық дала жыры Ахурамаздадан Маралтайға дейін // Қазақ әдебиеті. – 2001. – 29 маусым.
3. Әшімбаев С. Балладалар шерткен сыр // Кітапта: Өтежан. Мақалалар, естеліктер, арнаулар, сұхбаттар жинағы /Құраст. Е.Ашықбаев, Б.Бабажанұлы, Т.Тілеулесов, М.Балтымова. – Ақтөбе, 2018. – 297 б., суретті.
4. Нұрғалиев Ө. Афина мектебі: Өлеңдер. – Алматы: «Жазушы», 1996 – 360 б.
5. Нұрғалиев Ө. Соны сұхбаттар: 3-том. – Алматы: «Жазушы», 2015. – 288 б.

6. Алаш айнасы. Республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық газет. – 2012. – 14 қыркүйек. – №162 (844). – 5 б.

7. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2015. – 186 б.

References

1. Turgynbayev A.H. Philosophy: Oqulyq. – Almaty: «Bilim», 2005. [in Kazakh]
2. Nysanbayev A. Eki myn zhyldyq dala zhyry Ahuramazdadan Maraltaiga deyin // Qazaq adebieti. – 2001. – 29 mausym. [in Kazakh]
3. Ashimbayev S. Balladalar shertken syr // Kitapta: Otezhan. Maqalalar, estelikter, suhbattar, arnalar zhinagy /Qurast. E.Ashyqbayev, B.Babazhanuly, T.Tileulesov, M.Baltymova. – Aktobe, 2018. – 297 b., suretti. [in Kazakh]
4. Nurgaliev O. Afinymektebi: Olender. – Almaty: «Zhazushy», 1996. – 360 b. [in Kazakh]
5. Nurgaliev O. Sony suhbattar: 3-tom. – Almaty: «Zhazushy», 2015. – 288 b. [in Kazakh]
6. Alash ainasy. Respyblikalyq qogamdyq-saiasi aqparattyq gazet. – 2012. – 14 qyrkuiek. – №162 (844). – 5 b. [in Kazakh]
7. Esembekov T.O. Korkem matin teoriyasy: oqu quraly. – Almaty: «Qazaq universiteti», 2015. – 186 b. [in Kazakh]

ФИЛОСОФСКАЯ ЛИРИКА ОТЕЖАНА НУРГАЛИЕВА

М.Р. БАЛТЫМОВА*, Н.С. ЧАПАЙ

Актыбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан

*e-mail: mbr76@mail.ru

Аннотация. В статье проанализировано творчество известного поэта Отежана Нурғалиева, в том числе его философская лирика. Внутреннее наполнение, творческое вдохновение и образные слова автора, отражающие смысл каждого стихотворения поэта, отличают Отежана Нурғалиева от других поэтов. Философия – сложное и осмысленное понятие, стремящееся к пониманию не только окружающей среды, образования и науки, общества и культуры, но и самого человека. По своей проблеме он также имеет тесную связь с некоторыми науками. Тесная связь философии с литературой влияет на исторический процесс с современными проблемами, мыслями. При этом анализируются глубокие мысли поэта о внутренней духовной реальности и нравственности человека и высказанные им мнения о явлениях жизни как о художественном мастерстве автора, отражающем его образ в его творчестве. В сборнике «Афинская школа» поэта нет ситуаций и изменений, которые бы не происходили, когда-то в обществе. Автор ставит своей целью воспевание состояния всего человечества, начиная с Адами и Евы, поэтому были подняты такие вопросы, как мелодии древних времен, смерть и жизнь, судьба и жизнь, добро и зло.

Ключевые слова: философская лирика, литература, поэзия, общество, культура, бытие, религия.

PHILOSOPHICAL LYRICS BY OTEZHAN NURGALIEV

M.R. BALTYSOVA*, N.S. CHAPAY

K.Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: mbr76@mail.ru

Abstract. The article analyzes the work of the famous poet Otezhan Nurgaliyev, including his philosophical lyrics. The inner content, creative inspiration and figurative words of the author, reflecting the meaning of each poem of the poet, distinguish Otezhan Nurgaliyev from other poets. Philosophy is a complex and meaningful concept that seeks to understand not only the environment, education and science, society and culture, but also the person himself. According to his problem, he also has a close connection with some sciences. The close connection of philosophy with literature influences the historical process with modern problems and thoughts. At the same time, the deep thoughts of the poet about the inner spiritual reality and morality of man and the opinions expressed by him about the phenomena of life as about the artistic skill of the author, reflecting his image in his work, are analyzed. In the collection "The Athenian School" of the poet there are no situations and changes that would not have occurred once in society. The author aims to glorify the state of all mankind, starting with Adam and Eve, so such issues as melodies of ancient times, death and life, fate and life, good and evil were raised.

Key words: philosophical lyrics, literature, poetry, society, culture, being, religion.

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
ЭКОНОМИКА И ПРАВО
ECONOMICS AND LAW

FTAMP 06.52.17

ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫ

А.А. КУРМАНАЛИНА [0000-0002-0012-2775], **Қ.С. ТЕЛ** [0000-0002-2154-060X]*

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: kuanysh_050505@mail.ru

Андатпа. Коронавирустың (*COVID-19*) өршуі цунами сияқты әлемдік экономикаға соққы берді. Пандемия адамзат қоғамының барлық салаларына, соның ішінде энергетика саласы мен нарыққа әсер етті. Пандемия бағаға, сұранысқа, ұсынысқа, инвестицияға және мұнай-газ саласын қоса алғанда, энергетикалық сектордың бірқатар басқа аспектілеріне әсер етті.

Бұл мақаланың мақсаты – *COVID-19* мұнай-газ саласына әсерін талдау және *COVID-19* кейін мұнай мен газ нарығы туралы түсінік беру. Бұл мақаланың нәтижелері *COVID-19* мұнай-газ саласына әсер ететінін көрсетеді. Қысқа мерзімді әсер - бұл мұнай тұтынудың шамамен 25% төмендеуі, ол баяу бұрынғы деңгейге дейін қалпына келеді және тіпті артады. Ұзақ мерзімді салдар АҚШ аймақтық ауқым болып табылатын мұнай және газ нарығымен салыстырғанда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТҚЖ) күрделі шығындар мен инвестициялардың 30%-дан 40% төмендеуі болып табылады, бұл мұнай өндіру жобаларының 2019 жылы 800-ден 2021 жылы 265 дейін төмендеуіне әкелді.

Болжам бойынша, бұл мұнай мен газдың жаңартылатын энергия көздеріне үнемі төмендейтін бағалар сияқты басқа энергия көздерімен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Осылайша, мұнай-газ саласы энергетикалық нарықтағы елеулі үлесін жоғалтпас бұрын тез өзгеруі тиіс. Сонымен, бұл мақалада мұнай мен газ саудасын Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) ережелерінің бір бөлігі ретінде тану қарастырылады.

Түйін сөздер: табиғи газ нарығы, мұнай өнеркәсібі, мұнай өнімдері, дүниежүзілік сауда ұйымы, сұйытылған табиғи газ, пандемия

21 ғасырдың басынан бастап көптеген теоретиктер мен философтар бүкіл әлемді дүр сілкіндіретін және қамтитын жаһандық дағдарыс туралы айтты. Коронавирустық Пандемия (*COVID-19*) әлемнің келбетін өзгертті. Оның салдары экономикаға күшті цунами сияқты әсер етті және экономиканың әр саласына зиян келтірді. Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) 2021 жылдың ортасына қарай экономикалық өсім шамамен – 4,1% құрайды деп болжайды. Алайда, Еуропалық Одақ (ЕО) мен АҚШ әлемдегі орташа деңгейден гөрі тереңірек зардап шекті.[1]

Шикі мұнайға сұраныс *COVID-19* вирусына және оның экономикалық құлдырауына байланысты күрт төмендеді. Демек, әр түрлі шикі мұнай индекстері 2020 жылдың ортасына қарай ең төменгі деңгейге жетті (2016 жылғы бағамен).

Маккензи Вуд институтының мәліметінше, мұнай-газ саласындағы инвестициялық шығындардың төмендеуі алдағы бірнеше жылда өндіруге тікелей әсер етеді. [2] Соңғы инвестициялық шешім қабылдауға мәжбүр болған ірі жобалар, 2020 жылға қарай мұнай өндіруге күніне шамамен 1,8 миллион баррель және 20 жылдың ортасына қарай газ өндіруге күніне 2020 миллиард текше фут қосады. Бірақ қазір жобалардағы кідірістер және оларды жою бұл өндірістің 90% мүлдем болмайды дегенді білдіреді.[3]

Көптеген дамушы мұнай экспорттаушы елдер әртараптандырылмаған, секторға тәуелді экономикаға ие, ал мұнай олардың экспорты мен мемлекеттік кірістерінің көп бөлігін қамтамасыз етеді. Мұнай бағасының қазіргі құлдырауы бұл елдердің қызмет көрсетуді қаржыландыруға, денсаулыққа қауіпті азайтуға және макроэкономикалық қысымды төмендетуге көп ақша қажет болған кезде *COVID-19* туындаған ішкі қысымға жауап беру қабілетін шектейді. Осы 2020 жылдың наурызында Халықаралық энергетикалық агенттігі (ХЭА) мұнай өндіретін негізгі елдер, соның ішінде Ирак, Нигерия және Ангола 2020 жылы таза пайдасының 2019 жылмен салыстырғанда 85%-дан 50% төмендеуін көрді.[4] Екі онжылдықтан астам уақыт ішінде осы елдердің секторларынан алынған ең төменгі табыс және ХЭА болашақ нарықтық жағдайларға байланысты кірістер одан да көп түсуі мүмкін деп ескертті. Инвесторлардың қазба отынына деген тәбеті төмендеп, *COVID-19* басталған кезде компаниялар жаңа жобаларды кейінге қалдырды және мұнай бағасының құлдырауына жауап ретінде жоғары шығынды операцияларды біржола тоқтатты. Кішігірім немесе жаңа өндіруші елдер ашылулар мен инвестициялардың қысқаруынан көп зардап шегеді деп күтілуде.[5]

2020 жылдың бірінші жартысында мұнай-газ саласы екі күрделі сын-қатерге тап болды. Біріншіден, әлемдік нарықта көмірсутек шикізатына бағаның айтарлықтай төмендеуі орын алды. Екіншіден, компаниялар коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты туындаған шектеулерді ескере отырып, өз бизнес-процестерін жедел қайта құруға мәжбүр болды. Әрине, көмірсутек шикізаты бағасының елеулі ауытқуы сала үшін жаңа құбылысқа айналған жоқ: тек соңғы 15 жылда мұнай бағасы бірнеше рет қатты төмендеді, бірақ содан кейін белгілі бір деңгейге дейін қалпына келтірілді. Сондықтан жетекші салалық ойыншылар өздерінің стратегияларындағы осындай ауытқуларды ескереді. Сонымен бірге, коронавирустық пандемияның қарқынды шеруі қарапайым оқиға болды. Компанияларға өз қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және эпидемия жағдайында үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қысқа мерзімде бірқатар шаралар қабылдау қажет болды.

Әлемнің көптеген елдерінде енгізілген карантиндік шаралар энергия ресурстарына сұраныстың едәуір төмендеуіне, соның салдарынан көмірсутек шикізатын өндірудің төмендеуіне және «қара алтын» мен «көк отын» бағасының құлдырауына әкелді. Бұл жағдайда барлық мұнай-газ компаниялары шығындарды түзетуге мәжбүр болды. Мысалы, *ExxonMobil* компаниясы 2020 жылдың екінші тоқсанында өзінің қазіргі тарихындағы ең ірі таза шығынды – 1,1 миллиард доллар алды, *Chevron* соңғы 30 жылдағы ең нашар нәтижені көрсетті, минус 8,3 миллиард долларға кетті. Пандемия жағдайында *BP*, *Shell*, *Equinor*, *Petrobras* және *Eni* қатарынан екі тоқсан бойы таза шығынға ұшырады. [6]

Қысқа мерзімді перспективада бүкіл әлемдегі мұнай компанияларының негізгі бағыты шығындарды түбегейлі қысқарту және квоталар бойынша қабылданған міндеттемелер аясында және төмен бағалардың қысымымен ұңғымалар қорының бір бөлігін консервациялау болады. Өндіруге салынатын жаһандық инвестициялар 2020-2021 жылдары 45% төмендеді. бұл кейіннен жете инвестицияланбау дағдарысына, нарықтағы мұнай тапшылығына және кезекті баға циклына әкелгені сөзсіз.

Газ саласы мұнайға қарағанда аз дәрежеде сұраныстың төмендеуінен зардап шекті. Газға деген сұраныс негізінен өнеркәсіпте және коммерциялық секторда азаяды. Электр энергетикасында оның серпіні ең алдымен ұлттық реттеу мен қуаттар құрылымының ерекшеліктеріне байланысты. Жалпы, газға деген орташа жылдық әлемдік сұраныстың 3-5% қысқаруы туралы айтуға болады.

Қысқа және орта мерзімді салдар ретінде жабдықтарды жеткізу кестесінің бұзылуына және жұмыс күшінің карантиніне байланысты ағымдағы жобаларды (жаңа құбырлар, сұйылтылған табиғи газ (СТГ) зауыттары, газ-химия өндірістері) іске асыру мерзімдерінің өзгеру қаупі бар екені сөзсіз. Корона дағдарысы инвестициялық бағдарламаларды түзетуге, жаңа, әсіресе капиталды қажет ететін жобалардың бір бөлігін тоқтатуға және толығымен жоюға әкелуі мүмкін. Қаржы секторының газ саласын қаржыландыруға деген көзқарасында өзгерістер болуы мүмкін-ірі жобаларға коронавирустан кейінгі әлемде қажетті банктік қаржыландыруды алу қиынға соғады (егер оларда қуатты мемлекеттік қолдау болмаса).

Барлық мұнай-газ компаниялары үшін 2020 жыл тез ұмытпастай жыл болды. Сала жетекшілері үшін оның басталуы өте қиын болды: қысқа мерзімде олар әдеттегі уақытта бірнеше жыл қажет болатын мәселелерді шешуге мәжбүр болды. Олардың арасында жаңартылатын энергетика технологияларының әсерінен сұраныс құрылымының өзгеруі де бар. Мұнай қорларының өсуіне байланысты ұсыныстың шамадан тыс болуы, олар пайдаланылмай қалуы мүмкін. Төмен көміртекті болашаққа деген жаһандық ұмтылыс одан да айқын болды. Инвестициялардың кірістілігін қамтамасыз етуді қажет ететін инвесторлар

тарапынан қысымның артуы. Экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық жауапкершілік (ESG) қағидаттарын іске асыру. Ақырында, COVID-19 пандемиясы. Оқиғалардың қалыпты барысы тек мұнай-газ саласы үшін ғана емес, жалпы әлем үшін де бұзылды. Энергетикаға тиген соққы өте ауыр болды. Нәтижесінде мұнай-газ саласының он жылға есептелген өтпелі кезеңі бірнеше апта ішінде өтуге тура келді. Мұнайға сұраныс төмендеді. Кейбір елдерде көмірмен де осындай жағдай қалыптасты. Бұл ретте шығарындылар көлемі қысқарды, бұл экологиялық бастамаларды іске асыруды жеделдетті. Бұл оқиғалардың салдары ұзақ уақыт бойы мұнай-газ саласына әсер етуі мүмкін.

Теріс салдарға қатысты, барлық компаниялар қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғауға және қолма-қол ақшаны сақтауға тырысады. Олар қосымша жоспарланған капиталды және операциялық шығындарды азайтады немесе кейінге қалдырады, олардың көпшілігі дивидендтер төлеуді тоқтатты. Бірақ бұл шаралар қиын қаржылық жағдайға тап болған ойыншыларды құтқармайды. Саланың көптеген сегменттерінде түбегейлі өзгерістерге жағдай жасалуы мүмкін.

Барлау және өндіру. Кейбір мұнай-газ бассейндерінде активтерді қайта құрылымдау орын алуы ықтимал. Мұның себебі – бірқатар ойыншылардың әлсіз қаржылық жағдайы, әсіресе АҚШ құрлықтағы кен орындарында және басқа да жоғары жетілген бассейндерде. Бассейндерде үстем жағдайға ие компаниялар нақты шығындарды азайту және синергетикалық әсерге қол жеткізу үшін кең ауқымды шоғырландыруды бастай алады. Біздің бағалауымыз бойынша, тақтатас кен орындарында ғана активтерді шоғырландыру және ауқымды үнемдеу есебінен жұмысқа жаңа тәсілдемелермен үйлесімдікте бір баррельге 10 АҚШ долларына дейін үнемдеуге болады, бұл шығынсыздық шегін төмендетеді және жеткізушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Мұнай өңдеу зауыттары (МӨЗ) және шығындары жоғары басқа кәсіпорындарды немесе ЭЫДҰ кірмейтін өсіп келе жатқан нарықтардан алыс активтерді жабу кез келген жағдайда мұнайға сұраныстың біртіндеп, бірақ тұрақты төмендеуіне қарай қажет болар еді. Кез келген жаңа МӨЗ құрылысы үлкен күмән тудырып, болжамды модельдердің сезімталдығы тұрғысынан ең жағымсыз сценарийлерге төтеп бере алатын күшті көрсеткіштермен (қаржылық, экономикалық, әлеуметтік) негізделуге тиіс. Алайда, 1980-1990 жылдардағы тәжірибе бойынша, Үкіметтер тиімсіз кәсіпорындарды қолдау үшін нарықтық жағдайға араласуы мүмкін, бұл жаһандық мұнай өңдеу экожүйесінің басқа бөліктеріндегі бәсекеге қабілетті активтерге қосымша қысым жасайды. Сала тарапынан тағы бір ықтимал жауап шарасы - шоғырландыру, ол тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді, бірақ әрбір МӨЗ және жеткізу тізбегінің әрбір элементінде оңтайландырудың барлық экономикалық мүмкіндіктерін

анықтау және іске асыру үшін үлкен күш-жігерді талап етеді. Орта мерзімді перспективада бөлшек сауда желілері мен соңғы тұтынушыға қол жеткізу құны өсуі мүмкін.

Мұнай-газ секторының көптеген жеткізушілері дағдарысты бастан кешірді. Олар бұрыннан айтарлықтай артық қуатқа ие болды, ал 2014 жылы кірістіліктің құлдырауы болды. Банкроттық пен қайта құрылымдау толқынына қарамастан, салада қажетті түбегейлі шоғырлану, қуаттарды қысқарту және дағдыларды жаңарту болған жоқ. Шоғырландыру қазір жақсы болуы мүмкін және активтерді жою 1980-ші жылдардағы мұнай дағдарысының қатаң сценарийі бойынша, 2015-2020 жылдардағы қаржылық қайта құрылымдаудың жұмсақ моделі емес, шоғырландыру бизнесті қайта құрылымдаудың және жеткізілім тізбегінің жаңа толқынымен, сондай-ақ клиенттермен серіктестік құрумен қатар жүреді.

Ұлттық мұнай компаниялары ұлттық бюджетті қалыптастырудағы және қоғамның сұраныстарына байланысты үкіметтердің қажеттіліктерін қанағаттандырудағы маңызды рөліне байланысты қосымша қысымға ұшырайды. Бұл компаниялар саланың үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз ету және нарықтағы өз үлестерін қорғау арасында таңдау жасауда күрделі шешімдер қабылдау қажеттілігіне тап болады. Арзан ресурстары жоқ компаниялар іргелі өзгерістер туралы ойлануға мәжбүр болады, мысалы, жекешелендіру немесе халықаралық мұнай және мұнай сервистік компаниялармен ынтымақтастық тәсілін қайта қарастыру.

Қалай болғанда да, пандемия мұнай-газ саласы бұрыннан қажет болған ояту сигналына айналды. Қолданыстағы бизнес-модельдер мен дәстүрлі ойлаудың сәтсіздігі одан да айқын болды. Қазір мұнай-газ саласында ойын ережелерін өзгертетін және бәсекелестік артықшылықтардың жаңа көздерін құратын құрылымдық өзгеріс бар деп айтуға болады.

Біздің талдамалық зерттеулеріміздің деректері 2040 жылы мұнай мен газдың үлесіне бұрынғысынша әлемдік энергетикалық теңгерімнің жартысынан астамы тиесілі болатынын куәландырады. Бұл болжам ондаған жылдар бойы жұмыс істегісі келетін мұнай-газ компаниялары үшін жұбаныш болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл мүлдем дұрыс емес. Мұнай мен газ бұрынғысынша энергияның маңызды көздері ретінде қарастырылатын болады, бірақ осы ресурстарды тұтыну моделі, сондай-ақ оларды өндіру, өңдеу және коммерцияландыру тәсілдеріне қатысты күтулер түбегейлі өзгереді.

Бизнесті жүргізу құқығын сақтау үшін компаниялар осы өзгерістерге тез бейімделуі керек. Құрылымдық өзгерістерді олардан жалтарудың орнына қабылдау керек. Компаниялар болашақтың энергетикалық жүйесіндегі рөлін толығымен қайта қарастыруы керек. Сенімді қалпына келтіру үшін шаралар қабылдау керек және олар әлемге ұсынатын құндылықты қайта қарау керек. 2020 жыл мұнай-газ саласының қазіргі жағдайында қаншалықты осал екенін

көрсететін жыл болды. 2021 жыл оның қаншалықты икемді, тұрақты және өміршен болатындығын дәлелдейтін жыл болуы керек.

Әдебиеттер тізімі

1. WHO. WHO Coronavirus Disease (COVID-19) Dashboard; 2020. <<https://covid19.who.int/>>(Accessed December 16, 2020).
2. Brosemer K, Schelly C, Gagnon V, et al. The energy crises revealed by COVID: intersections of indigeneity, inequity, and health. *Energy Res Soc Sci.* 2020; 68:101661. [PMC free article] [PubMed] [Google Scholar]
3. Crider J. COVID-19 Bankrupts 19 Energy (oil & gas) Companies; 2020. <<https://cleantechnica.com/2020/08/05/covid-19-bankrupts-19-energy-oil-gas-companies>> [Accessed October 30, 2020].
4. Elavarasan RM, Shafiullah GM, Kannadasan R, et al. COVID-19: impact analysis and recommendations for power sector operation. *Appl Energy.* 2020;279:115739. [PMC free article] [PubMed] [Google Scholar]
5. Le Q, Jackson RB, Jones MW, et al. Temporary reduction in daily global CO2 emissions during the COVID-19 forced confinement. *Nat Clim Change.* 2020;10:647-653. [Google Scholar]
6. Norouzi N, de Rubens GZ, Choubanpishhezafar S, Enevoldsen P. When pandemics impact economies and climate change: exploring the impacts of COVID-19 on oil and electricity demand in China. *Energy Res Soc Sci.* 2020;68:101654. [PMC free article] [PubMed] [Google Scholar]

References

1. WHO. WHO Coronavirus Disease (COVID-19) Dashboard; 2020. <<https://covid19.who.int/>>(Accessed December 16, 2020).
2. Brosemer K, Schelly C, Gagnon V, et al. The energy crises revealed by COVID: intersections of indigeneity, inequity, and health. *Energy Res Soc Sci.* 2020; 68:101661. [PMC free article] [PubMed] [Google Scholar]
3. Crider J. COVID-19 Bankrupts 19 Energy (oil & gas) Companies; 2020. <<https://cleantechnica.com/2020/08/05/covid-19-bankrupts-19-energy-oil-gas-companies>> [Accessed October 30, 2020].
4. Elavarasan RM, Shafiullah GM, Kannadasan R, et al. COVID-19: impact analysis and recommendations for power sector operation. *Appl Energy.* 2020;279:115739. [PMC free article] [PubMed] [Google Scholar]

5. Le Q, Jackson RB, Jones MW, et al. Temporary reduction in daily global CO₂ emissions during the COVID-19 forced confinement. *Nat Clim Change*. 2020;10:647-653. [Google Scholar]

6. Norouzi N, de Rubens GZ, Choubanpishhehzafar S, Enevoldsen P. When pandemics impact economies and climate change: exploring the impacts of COVID-19 on oil and electricity demand in China. *Energy Res Soc Sci*. 2020;68:101654. [PMC free article] [PubMed] [Google Scholar]

НЕФТЕГАЗОВЫЙ СЕКТОР В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ

А.А. КУРМАНАЛИНА, К.С. ТЕЛ*

Актыбинский Региональный Университет им. К.Жубанова, Актобе, Казахстан

*e-mail: kuanysh_050505@mail.ru

Аннотация. Вспышка коронавируса (*COVID-19*) нанесла удар по мировой экономике, как цунами. Пандемия затронула все сферы человеческого общества, включая энергетическую отрасль и рынок. Пандемия затронула цены, спрос, предложение, инвестиции и ряд других аспектов энергетического сектора, включая нефтегазовую отрасль.

Цель этой статьи – проанализировать влияние *COVID-19* на нефтегазовую отрасль и дать представление о рынке нефти и газа после *COVID-19*. Результаты этой статьи показывают, что *COVID-19* влияет на нефтегазовую отрасль. Краткосрочным эффектом является снижение потребления нефти примерно на 25%, которое медленно восстанавливается до прежнего уровня и даже увеличивается. Долгосрочными последствиями является снижение с 30% до 40% капитальных затрат и инвестиций в научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы (НИОКР) по сравнению с рынком нефти и газа, где США являются региональными масштабами, что привело к снижению проектов по добыче нефти с 800 в 2019 году до 265 в 2021 году.

По прогнозам, это снизит конкурентоспособность нефти и газа по сравнению с другими источниками энергии, такими как постоянно снижающиеся цены на возобновляемые источники энергии. Таким образом, нефтегазовая отрасль должна быстро измениться, прежде чем потерять значительную долю на энергетическом рынке. Таким образом, в этой статье рассматривается признание торговли нефтью и газом частью правил Всемирной торговой организации (ВТО).

Ключевые слова: рынок природного газа, нефтяная промышленность, нефтепродукты, Всемирная торговая организация, сжиженный природный газ, пандемия

THE OIL AND GAS SECTOR IN A PANDEMIC

A.A. KURMANALINA, K.TEL *

K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: kuanysh_050505@mail.ru

Annotation. The Coronavirus outbreak (COVID-19) has had a major impact on the economic development, comparable to a storm. The oil and gas sectors, as well as the global marketplace, have mostly been affected by this global disease. Covid-19 seems to have an impact on a variety of parts of the economy, including prices, investments, and the oil and gas sector.

The point of this article is to investigate COVID-19's impact on the oil and gas industry and to provide insight into the post-pandemic oil and gas market. As a result, COVID-19 seems to have an impact on the oil and gas industry. The primary result is a 25% decline in oil use, which is likely to come back to earlier levels or perhaps increase. Especially compared to the US oil and gas market, the primary effect is a 30% to 40% reduction in capital expenditures and investments in research and development. As a response, the number of planned oil-related projects has reduced from 800 in 2019 to 265 in 2021.

This decreases the oil and gas industry's competitiveness in comparison to certain other energy sources, such as renewable energy sources, which do have fewer, less competitive rates. As a response, the oil and gas industry should undergo a more radical transformation so that it can adapt more rapidly and maintain a steady in the energy market. This article outlines the methods of recognizing oil and gas commerce as a part of the World Trade Organization's guidelines (WTO).

Key words: natural gas market, oil industry, oil products, World Trade Organization, liquefied natural gas, pandemic.

МРНТИ 10.53.30

**ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢІНДЕ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ
МАҚСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК
ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

КУРМАНОВА А.К. [0000-0002-0450-3671]

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: k.aigul_k@mail.ru

Аннотация. Экологиялық қарым - қатынас пен қоршаған әлемнің тұтастығын сақтау негізінде мемлекеттік органдардың функцияларын жүзеге асыру арқылы адамдар мен халықтың денсаулығын қорғау мәселелері құқықтық қатынастардың әрбір субъектісінің азаматтық құқықтары мен мүдделеріне қатысты. Адам денсаулығының сақталуын қамтамасыз етудің мақсаты - адамға қолайлы орта құруда және оның табиғатқа деген көзқарасын жақсартуда. Мемлекеттік билік органдары қоршаған табиғи объектілер мен ресурстарға азаматтық құқықтарды жүзеге асыруға байланысты жүргізетін шаралар мен шаралар кешені азаматтардың денсаулығын қорғау мақсатын іске асыру саласындағы мемлекеттік билік жүйесін анықтайды. Азаматтық құқықтық қатынастар субъектілеріне мемлекеттік ықпал ету механизмі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету және оған қол жеткізу мақсатында қарастырылады. Ғылыми жұмыста жоғарыда аталған мақсатқа жетудің тиімді әдісі ретінде осы механизмді жетілдіру мәселесі мен мемлекеттік билік органдарының өзара әрекеттесу мүмкіндігі қарастырылады. Мұндай өзара әрекеттесу негізінде жұмыс табиғатты да, өзара байланысты адамның өмірі мен денсаулығын қорғау жүйесін қалыптастыру мүмкіндігін негіздейді. Мақалада әр түрлі мемлекеттік органдардың қызмет саласы мен өкілеттіктері бойынша бірлескен жұмыс мүмкіндігі туралы ұсынымдар анықталған.

Түйін сөздер: денсаулық, қоршаған орта, қорғау, халықтың санитарлық - эпидемиологиялық салауаттылығы, заң, мемлекеттік орган.

Кіріспе. Қоршаған ортаның жағдайы адамдардың денсаулығының жай - күйін және олардың өмір сүру ұзақтығын анықтайды. Қоршаған ортаның жағдайы мен репродуктивті денсаулық жағдайының арасында тығыз байланыс бар.

Экономикалық даму, қоршаған ортаның жағдайы, ерлер, әйелдер мен балалардың денсаулығы мен олардың әлеуметтік жағдайы бір - бірімен тығыз байланысты. Даму адамның өмірін жақсартуды талап етеді, әдетте оның күшімен қол жеткізілетін; әйелдердің әлеуметтік мәртебесі даму деңгейін тікелей анықтайды, ал олардың мәртебесін жақсарту үшін әйелдерге сапалы репродуктивті денсаулық сақтау қажет. Бұл түсінік 1990 - шы жылдардағы жаһандық кездесулерде талқыланған қабылданған консенсус құжаттарында айтылды. Олардың назары 1992 жылы экология мен даму мәселелеріне, 1994 жылы халық пен даму мәселелеріне, ал 1995

жылы әлеуметтік даму мен әйелдердің құқықтарына аударылды. 1994 жылы Халық саны мен дамуы жөніндегі халықаралық конференция демографиялық өсімнің баяулауы, кедейліктің деңгейін төмендету, экономикалық прогреске қол жеткізу, қоршаған ортаны қорғау және қажетсіз тұтыну мен өндірісті қысқарту арасындағы байланысты мойындады. Конференция әйелдердің құқықтарын, оның ішінде репродуктивті денсаулықты сақтау құқығын қамтамасыз ету, қатысушылардың тұрақты даму құқығын қамтамасыз етудің негізі болып табылатынын және оған жетудің маңызды құралы болып табылатынын атап өтті.

ЖИТС–ке (СПИД-ке) қарсы күрес конференцияның шаралар кешенінің бөлігі болып табылады. Алайда ВИЧ жұқтырған миллиондаған адамдарды емдеуге және оларға күтім жасауға көп ақша қажет. Отбасын жоспарлау құралдарына қажеттілікті толығымен қанағаттандыру қазір халықаралық деңгейде келісілген мәселеге айналды; оны шешу үшін қосымша ресурстар қажет болады. Ана өлімін азайту - тағы бір маңызды мәселе.

Әдістер. Жұмыста жалпы логикалық және жалпы ғылыми әдіс қолданылды: арнайы – құқықтық және формальды құқықтық. Жалпы әдіс - ғылыми зерттеулердің әдіснамалық негізі, логикалық зерттеу әдісі дұрыс ойлау тұжырымдамасына негізделген және талдау мен синтез арқылы жүзеге асады. Арнайы құқықтық әдіс заң институтын, заң ережелері мен нормаларын қарастыруға мүмкіндік береді. Формальды-құқықтық (құқықтық-догматикалық немесе техникалық-құқықтық) нысандарды тарихи, әлеуметтік-саяси мазмұнына қарамастан зерттейді, формальды логиканы қолдана отырып, құқықтық категориялардың түсінігі мен мазмұнын қалыптастыруды жүзеге асырады.

Дискуссия. Мемлекет тұрғындарының құқықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға тікелей демография деңгейін жоғарылату, әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, репродуктивті денсаулықты қорғау міндеттері жүктелген мемлекеттік бағдарламалар көмектеседі. Сонымен қатар олар қоршаған ортаны қорғау қызметте айтарлықтай пайда әкеледі. Көптеген факторлардың өзара әрекеттесуіне байланысты оларды есептеу оңай емес. Алайда, репродуктивті денсаулық сақтау қызметтеріне толық қол жетімділікті қамтамасыз ету ұзақ мерзімді перспективада жоғары демографиялық өсудің экологиялық зардаптарын жоюға қарағанда әлдеқайда арзан болатынына күмән жоқ, бұл репродуктивті денсаулық қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Адам құқықтарына қол жеткізу, кедейлікті жою, репродуктивті денсаулықты жақсарту және халық санымен, даму қажеттіліктері мен қоршаған ортаны қорғау арасындағы тепе - теңдікке қол жеткізу үшін күресу кең ауқымды әрекеттерді қажет етеді. Басымдықтарға мыналар жатады:

- өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында энергия үнемдейтін технологияларды әзірлеу мен енгізуді экономикалық ынталандыру, қайталама ресурстарды кеңінен қолдану;
- қоғамдық, мемлекеттік резервтік және басқа да көмек қорларын қалыптастыру;
- бақылаудың қолда бар әдістері мен әдістерін қолдана отырып, адамдардың денсаулығының жай -күйін талдау мен қарастыру үшін базаны қалыптастыру;
- экологиялық апат аймақтарынан қоныс аударған адамдарды қорғау бойынша мемлекеттік экологиялық және демографиялық саясатты қалыптастыру;
- халықтың санитарлық - эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту;
- Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің барлық кезеңдері деңгейінде экологиялық дүниетанымды зерттеуге негізделген білім мен тәрбие механизмін жетілдіру;
- азық - түлік пен ауыз судың сапасын жақсартуға, қауіпті улы қалдықтарды өңдеу, тасымалдау және жою және т.б. арналған бірнеше элеуметтік мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу.

Шараларды қабылдамау адам денсаулығына зиян келтірумен қатар, экономикалық дамудың бірқатар маңызды бағыттарының экологиялық блокадасының нақты мүмкіндігіне және Қазақстан экономикасына орны толмайтын залал келтіруі мүмкін.

Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы халықтың денсаулығының жай-күйімен анықталады, онда қоршаған орта факторларының адамға зиянды әсері жоқ, оның өмір сүруіне қолайлы жағдайлар қамтамасыз етілген. Қауіп-қатердің болмауы және адам ағзасына қолайлы жағдайдың болуы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығының маңызды элементтері болып табылады. Адамдардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету елді мекендерді жобалау, салу және реконструкциялау кезінде экологиялық талаптарды қамтамасыз ету арқылы, сондай - ақ басқа аймақтарда қолайлы адам ортасын құру арқылы жүзеге асады. Адам ағзасына қолайлы жағдай жасау өндірілетін өнімдердің, қызметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаға жүктеменің қол жетімді максималды стандарттарын орнату арқылы жүзеге асады.

Қазіргі уақытта халықтың санитарлық - эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің мемлекеттік саясаты мыналарға негізделуі керек:

- халықтың экологиялық қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін өндірістік немесе басқа қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру тәртібі;
- кез келген өнімді салу, қайта құру және өндіру жобаларына, бағдарламаларына санитарлық - эпидемиологиялық сараптама жүргізу міндеттілігі;

- экологиялық себептер бойынша адам денсаулығына және құрбандардың әлеуметтік қорғалуына келтірілген зиянды өтеу міндеттемесі;
- азаматтар мен ұйымдарды санитарлық - эпидемиологиялық жағдайдың жағдайы мен осы салада жүргізілетін іс - шаралар туралы толық, сенімді және уақытылы ақпараттандыруды қамтамасыз ету;
- халықаралық құқық нормаларын сақтау, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды реттейтін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын орындау;
- халықтың санитарлық - эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық іс-шараларға міндетті түрде қатысу.

Халықтың санитарлық - эпидемиологиялық салауаттылығы әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының қоршаған ортаны қорғау құқығымен қамтамасыз етіледі. Ол бес негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1. табиғи ортаның сапасын жоспарлау және нормалау, экологиялық зиянды әрекеттерді болдырмау және қоршаған ортаны жақсарту, апаттардың, табиғи апаттардың салдарын болдырмау және жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

2. халыққа медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, ерікті медициналық сақтандыру азаматтарға медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен басқа оларға қосымша қызметтер көрсету үшін сақтандыру түрі ретінде;

3. әркімнің өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы жағдайда өмір сүруіне нақты мүмкіндіктер беру;

4. адамның денсаулығы мен өміріне, адамдарға, қоршаған ортаға, табиғи объектілерге зиян келтіруге, ластануға қатысты азаматтық іс жүргізу немесе әкімшілік іс жүргізу тәртібімен сот арқылы қорғау;

5. қарастырылатын құқықтық қатынастардың барлық субъектілерінің іс - әрекеті мен қызметінің зерттелетін саладағы ұлттық заңнамаға сәйкестігі туралы мемлекет пен тиісті қоршаған ортаның сапасы бойынша мемлекеттік органдардың реттеу мен қадағалауы, сондай - ақ оны бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеу.

Мемлекет адамның денсаулығы мен өмірін қорғау саласындағы құқықтық қатынастарды мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету, сондай - ақ халықтың денсаулығын санитарлық - эпидемиологиялық қорғау мәселелері бойынша орталық уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі. Оның құрамына медициналық ұйымдар мен жергілікті мекемелер ғана емес, сонымен қатар санитарлық - эпидемиологиялық органдар кіреді. Бұл ретте осы органдардың қызметін құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін

осы саладағы ұлттық салалық заңнамаға «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдегі Қазақстан Республикасының Кодексі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне кіретін республикалық мемлекеттік ұйымы Санитарлық – эпидемиологиялық бақылау комитетінің ережесі енгізілген. Соңғы нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы бұйрығымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық - эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құзыреті шегінде бақылау, қадағалау мен іске асыру функцияларын, сондай - ақ халықтың денсаулығын санитарлық -эпидемиологиялық қорғау саласындағы сектораралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің департаменті болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері: халықтың санитарлық - эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, санитарлық-эпидемиологиялық жағдай бойынша мониторинг, бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ халықтың санитарлық - эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар ұйымдастыру.

Нәтижелер. Мемлекеттік санитарлық - эпидемиологиялық қадағалау органдарының санитарлық - эпидемиологиялық құқықтық нормалардың бұзылуының алдын алу мен жолын кесу бойынша қызметін жақсарту үшін келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

1) халықтың санитарлық - эпидемиологиялық салауаттылығын халықаралық стандарттарға жақындату және мемлекеттік санитарлық -эпидемиологиялық қызметтің жұмысын құқықтық қамтамасыз ету үшін нормативтік құқықтық базаны одан әрі жетілдіру және инфекциялық бақылаудың жаңа тәсілдерін әзірлеу қажет;

2) жақын арада қызметтің тиімділігін арттыруды, басқа бақылаушы органдармен функциялар мен өкілеттіктерді нақты бөлуді және ведомствоаралық өзара әрекеттестіктің тереңдеуін ескере отырып, қызметті дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлеу және енгізу қажет. Қызметтің рөлі халыққа қолайлы экологиялық жағдайды қамтамасыз етуде, жоспарланған экономикалық іс - шаралардың жобаларына сараптама жасауда, меншіктің әр түріндегі өнеркәсіптік кәсіпорындардағы өндірістік жағдайды бақылауда қанық болуы тиіс;

3) қызметтің экономикалық тетіктерін жетілдіру қажет. Осыған байланысты шаруашылық субъектілерінің халықтың санитарлық - эпидемиологиялық салауаттылығына теріс әсерін болдырмау бойынша жүргізілген жұмыстар үшін санитарлық - эпидемиологиялық қызметтің шығындарын өтеу жүйесін құру қажет. Халықтың санитарлық - эпидемиологиялық

салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қаржыландыру және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің сақталуы шаруашылық жүргізуші субъектілердің сұранысы бойынша ақылы қызмет көлемінің кеңеюінің қажетті жеткіліктілігі принципінен шығуы тиіс;

4) сонымен қатар санитарлық - эпидемиологиялық қызметтің зертханалық құралдарын жетілдіру мүмкіндігін табу қажет.

Халықтың денсаулығының жағдайы аймақтағы басым әлеуметтік-экономикалық, табиғи-климаттық, экологиялық жағдайларға, өмір салты мен денсаулық сақтау жағдайына байланысты. Денсаулықты жақсарту жолдары мен әдістері аурудың себеп-салдарлық байланысын және оған әсер ететін факторларды зерттеуде, осы себептерді жоюда жатыр.

Болашақта республикалық деңгейде халықтың денсаулығын жақсарту мәселелерін шешу үшін міндетті және ерікті сақтандыру жүйесін дамыту; ауылдық жерде медициналық кадрларды қамтамасыз ету үшін жағдай жасау; аурулардың жекелеген топтарының, соның ішінде қатерлі ісік аурулары мен өлімінің себеп-салдарлық байланыстарын зерттеу қажет.

Халық денсаулығын санитарлық - эпидемиологиялық қорғаудың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру қоғамдық қатынастардың осы саласын мемлекеттік реттеу тарапынан ерекше назар аударуды талап етеді. Олар санитарлық нормалар мен ережелерді сақтамағаны үшін заңды жауапкершілік талаптарымен үйлесетін мемлекеттің, оның билік пен басқару органдарының құқықтары мен міндеттерін елеулі реттеуді талап етеді. Бұл үшін бізге халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік жүйесін құру қажет. Ол мыналарды қамтиды:

- мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігін және халықтың санитарлық -эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ететін үкімет-парламенттік ведомствоаралық бірлескен орган;
- қоршаған ортаны қорғау және халықтың денсаулығы жөніндегі парламенттік (заң шығарушы) орган;
- экологиялық қауіпсіздік, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелері бойынша президенттік құрылымдары, үкіметтің ведомстволары мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары өз құзыреті шегінде;
- экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша міндеттер жүктелген арнайы уәкілетті органдар.

Қорытынды. Зерттелетін тақырып бойынша мәселелерді неғұрлым егжей-тегжейлі және тереңірек зерттеу және шешу үшін жоғары кәсіби мамандардың дайындығы мен қызметі сияқты ұсынысты анықтау қажет. Бұған қоса, бұл талап қоршаған ортаны қорғау және халықтың денсаулығы, соның ішінде адамдардың санитарлық - эпидемиологиялық

3. Мировой атлас данных: мировая и региональная статистика, национальные данные, карты и рейтинги [Электронный ресурс]. - URL: <https://knoema.ru/atlas> (дата обращения: 21.01.2021)

4. Кострова Ю.Б., Шибаршина О.Ю. Анализ подходов к регулированию самозанятости населения: российский и международный опыт // Экономика труда. – 2018. - №4. – с. 1137-1146.

5. Warren Orland Self employed taxes Canada – Rates and Guide. Retrieved from <https://www.wealthsimple.com/en-ca/learn/self-employed-taxes-canada#:~:text=For%202020%2C%20self%2Demployed%20Canadians,to%20a%20maximum%20of%20%245%2C796.00> (date of request: 20.01.2021)

6. Федеральная служба государственной статистики Российской Федерации [Электронный ресурс]. - URL: <https://rosstat.gov.ru/accounts> (дата обращения: 19.01.2021)

7. Скруг В.С. Регулирование процесса легализации налогообложения доходов самозанятых граждан в Российской Федерации на современном этапе // Экономика труда. – 2019. - №1. – с. 535-552.

8. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың 2018 жылғы Қазақстан халқына арналған Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері Жолдауы. - URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidentin-nazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar (жүгінген күні: 17.01.2021)

References

1. Official statistics of the World Bank organization. Retrieved from <https://data.worldbank.org/indicator/SL.EMP.SELF.ZS?locations=CA-KZ> (date of request: 18.01.2021)

2. Official statistics from the Office for National Statistics of the United Kingdom. Retrieved from <https://www.ons.gov.uk/> (date of request: 23.01.2021)

3. Mirovoj atlas dannyh: mirovaya i regional'naya statistika, nacional'nye dannye, karty i rejtingi [World data atlas: world and regional statistics, national data, maps, rankings]. Retrieved from <https://knoema.ru/atlas> (date of request: 21.01.2021) [in Russian]

4. Kostrova U.B., Shibarshina O.U. (2018) Analiz podhodov k regulirovaniyu samozanyatosti naseleniya: Rossijskis i mezhdunarodnyj opyt [Analysis of approaches to self-employment regulation: Russian and international experience], Ekonomika truda. [in Russian]

5. Warren Orlans Self employed taxes Canada – Rates and Guide. Retrieved from <https://www.wealthsimple.com/en-ca/learn/self-employed-taxescanada#:~:text=For%202020%2C%20self%20employed%20Canadians,to%20a%20maximum%20of%20%245%2C796.00> (date of request: 20.01.2021)

6. Federal'naya sluzhba gosudarstvennoj statistiki Rossijskoj Federacii [Federal state statistic service of Russian Federation]. Retrieved from <https://rosstat.gov.ru/accounts> (date of request: 19.01.2021) [in Russian]

7. Skrug V.S. (2019) Regulirovanie processa legalizacii nalogooblazheniya dohodov samozanyatyh grazhdan v Rossijskoj Federacii na sovremennom etape [Regulation of the process of legalization of taxation of income of self-employed citizens in the Russian Federation at the present stage], Ekonomika truda. [in Russian]

8. Kazakhstan Respublikasynyn Tungysh Prezidenti N. Nazarbayevtin 2018 zhylygy 10 kantardagy Kazakhstan halkyna arnalgan Tortinshi onerkasiptik revoliuciya zhagdajyndagy damudyn zhana mumkindikteri Zholdauy [State of the Nation address by the first president of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev from January 10, 2018 New opportunities under the fourth industrial revolution]. Retrieved from https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylygy-10-kantar (date of request: 17.01.2021) [in Kazakh]

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ САМОЗАНЯТОСТИ

Б.Ж.БОЛАТОВА, Г.Т. КУНУРКУЛЬЖАЕВА, А.А.БАКУБАЕВА *

Актыбинский региональный университет им. К.Жубанова, Актобе, Казахстан

*e-mail: botik1984@mail.ru

Аннотация. В статье обосновывается необходимость легализации, государственного регулирования деятельности самозанятого населения, как одной из форм нестандартной занятости. Цель статьи – анализ состояния рынка самозанятости, практики регулирования в странах мира, совершенствование механизмов регулирования отечественного рынка труда на основе проведенного анализа. В ходе исследования рассматриваются тенденции развития рынка самозанятости и изучается текущее состояние по ряду стран мира. Проводится сравнительный анализ состояния рынка труда развитых стран (Великобритания, США, Канада) и соседней Российской Федерации. В ходе исследования установлено, что в качестве основной формы государственного регулирования рынка самозанятости в иностранных государствах рассматриваются механизмы налогового регулирования. В том числе налог на профессиональный доход будет расти пропорционально уровню доходов граждан. На основе анализа приводятся вопросы государственного регулирования рынка самозанятости в Республике Казахстан. Несмотря на то, что с 2019 года введен специальный налог – единый совокупный платеж, существует ряд проблем с признанием граждан самозанятыми, с их добровольной уплатой данного налога. Сделанный вывод направлен на обоснование необходимости дальнейшего совершенствования налогового механизма, принятого в государстве. Результаты исследования могут быть использованы при разработке программ развития рынка труда.

Ключевые слова: безработица, самозанятость, рабочая сила, профессиональный доход, рынок труда, налоги, государственное регулирование.

FOREIGN EXPERIENCE OF STATE REGULATION OF SELF-EMPLOYMENT

B.ZH.BOLATOVA, G.T. KUNURKULZHAYEVA, A.A. BAKUBAYEVA *

K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: botik1984@mail.ru

Abstract. The article analyzes the need for legalization, state regulation of the activities of the self-employed population. The purpose of the article is to analyze the state of the self-employment market, regulatory practices in the countries of the world, and improve the mechanisms for regulating the domestic labor market based on the analysis. The study examines the trends in the development of the self-employment market and examines the current state in a number of countries around the world. A comparative analysis of the state of the labor market of developed countries (Great Britain, USA, Canada) and the neighboring Russian Federation is carried out. The study found that the mechanisms of tax regulation are considered as the main form of state regulation of the self-employment market in foreign countries. The

tax on professional income will grow in proportion to the level of income of citizens. Based on the analysis, the issues of state regulation of the self-employment market in the Republic of Kazakhstan are presented. Despite the fact that a special tax – a single aggregate payment – has been introduced since 2019, there are a number of problems with the recognition of citizens as self-employed, with their voluntary payment of this tax. The conclusion is aimed at substantiating the need for further improvement of the tax mechanism adopted in the state. The results of the study can be used in the development of labor market development programs.

Keywords: unemployment, self-employment, labor force, professional income, labor market, taxes, state regulation.

ҒТАМР 06.81.23

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.Ш. ИСМАИЛОВА ^[0000-0002-5784-8526], **А.А. БЕКБАУОВА** ^{[0000-0001-6338-7909]*}

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

*e-mail: abikosha_07@mail.ru

Андатпа. Бұл мақала Қазақстандағы зияткерлік меншік нарығына шолу жасайды. Қазақстандағы зияткерлік меншік нарығының перспективалық өсу нүктелері көрсетілген. Сондай-ақ, ғылымды қажетсінетін кәсіпорындарға талдау жүргізіліп, оның негізінде ұсыныстар берілді.

Нарықтық экономика жағдайында зияткерлік меншік нарықтағы нарықтық тауашаны басып алу және ұстап тұру құралы, ғылымды көп қажет ететін өнім мен жоғары технологиялар көзі, ішкі нарықта да, әлемдік нарықта да, сондай-ақ мәміленің дербес объектісі ретінде де сұранысқа ие бәсекеге қабілетті ғылымды көп қажет ететін өнімді жасау элементі болып табылады. Қазіргі экономикалық процестер компанияның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың жаңа факторының пайда болуына әкелді.

Зияткерлік меншік жүйесін дамыту мәселелері, оның объектілері шеңберін ұлғайту құқықтарды тіркеу және пайдалану туралы нормаларды, сондай-ақ бұзылған құқықтарды уақтылы және тиімді қорғау нормаларын қамтитын зияткерлік-шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғаудың тиімді жүйесін құруды талап етеді.

Қазіргі жағдайда зияткерлік меншік әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды факторына айналуға. Мақалада Қазақстанда және шетелде зияткерлік меншік нарығын қалыптастыру және кеңейту мәселелері қарастырылған, нарықтың проблемалары мен перспективалары талқыланады.

Түйін сөздер: зияткерлік меншік, сандық құқықтар, инновациялық қызмет, бизнес пен биліктің өзара әрекеті.

Қазақстан Республикасы – саяси құрылымы жағынан президенттік басқару формасындағы біртұтас мемлекет. Еліміздің Конституциясына сәйкес, Қазақстан Республикасы өз-өзін демократиялық, құқықтық, зайырлы әлеуметтік мемлекет ретінде танытады. Егемен Еліміз 1993 жылдан бастап Дүниежүзілік Зияткерлік меншік ұйымының мүшесі болып табылады.

Қазақстан Республикасы зияткерлік меншік мәселелеріне, оларды құқықтық реттеу мен жетілдіруге айтарлықтай көңіл бөлуде. ҚР тәуелсіздігінің алғашқы жылдары «Қазақстан Республикасы Президентінің меморандумында» Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан үшінші мың жылдықтың шегіне тек түпкілікті реформаланған экономикамен ғана емес, сондай-ақ тұрақты экономикалық өсумен, халықтың өмір сүру деңгейінің артуымен, іс жүзінде инфляцияның нөлдік деңгейімен, ашық және толығымен ырықтандырылған

экономикамен, икемділігімен, барлық жаңаға бейімділігімен, жедел іскерлік белсенділігімен ерекшеленетін, жақындауға тиіс екенін айқындады[1;109].

Бұдан әрі Қазақстан Республикасы Президентінің дәстүрлі түрде жыл сайын жариялайтын Қазақстан халқына Жолдауында "Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету басымдықтарының бірі қорғалған сауда маркасы және зияткерлік меншік құқығы бар тауарларды өндіру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады"[2] деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің айтуынша, «Индустриялық-инновациялық даму аясындағы жобалардың әлеуметтік маңызы зор. Бұл бағдарлама экономиканы жаңғыртудың басты бағдары болып қала береді. Барлық мемлекеттік органдар бұл жұмысты өзінің негізгі алаңдаушылығы деп есептеуі керек... Инновациялық гранттар бөлу арқылы перспективалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға арналған бюджет шығыстарын ұлғайтудың маңызы зор. "Ғылым туралы" жаңа заң - ғылымды жүйелі мемлекеттік қолдаудың негізін қалайды. Отандық ғалымдарды қолдау қажет екенін айтты. Назарбаев Университетінің айналасында трансферт пен жаңа технологиялар жасауға жәрдемдесетін инновациялық-зияткерлік кластер қалыптасуға тиіс» деп тілге тиек етті.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев нарықтық қоғам дамуының үйреншікті бағдарын өзгертетін өзінің "Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам" атты ел халқына Жолдауында: "Қазақстанда, егер тұтастай экономика бойынша қарайтын болсақ, жылына бір қызметкер 17 мың долларға өнім өндіреді. Дамыған елдерде бұл көрсеткіш 90 мың доллардан асады. Қорытынды өте қарапайым: бізге жағдайды түзету - өнімділікті арттырып, инновацияларды өндіру керек". Біздің еліміз үшін ғылым мен техниканың ілгерілеуінен, халықтың білімділігін арттырудан, әлемді қазіргі заманғы технологиялық қайта бөлуге қатысудан басқа өзге даму жолы жоқ. Қазақстан басшылығының бұл жағдайды түсінуі қазіргі заманғы жоғары технологиялық, энергия үнемдейтін, экологиялық таза индустрияға инвестиция салудың қолайлы жағдайларын жасауға деген бұлжымас бағытымен расталады деп өз бағасын берді[3].

Мұндай өнеркәсіпті құру, өз кезегінде, инженерлік ойды және қоғамның басқа да шығармашылық әлеуетін пайдаланбау мүмкін емес.

Зияткерлік меншік жүйесін дамыту, оның объектілері шеңберін ұлғайту мәселелері зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғаудың пәрменді жүйесін құруды талап етеді, оған құқықтарды тіркеу және пайдалану туралы нормалар да, бұзылған құқықтарды уақтылы және тиімді қорғау нормалары да кіреді. Заңнама, мемлекеттік органдар мен ұйымдар, сондай-ақ осы саладағы бизнестің өзін-өзі реттейтін қоғамдық бірлестіктері

авторлар, өнертапқыштар, селекционерлер, композиторлар, суретшілер, әртістер және басқа да шығармашыл қызметкерлер үшін қолайлы, егеменді Қазақстанның мәдениетін, ғылымы мен өндірісін байытатын шығармашылық қызметкерлерінің жаңа жетістіктер жасауын ынталандыратын құқықтық орта құруға тиіс.

Зияткерлік меншікті қорғаудың қазақстандық жүйесі осы объектілерді қорғаудың әлемдік жүйесіне терең интеграцияланған. Міне, 10 жылдан астам Қазақстанның барлық мемлекеттік органдары мен мамандандырылған ұйымдарының Қазақстанның патенттік жүйесін Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру үшін зияткерлік меншік саласында Қазақстан үшін қажетті және жеткілікті талаптарды қоятын TRIPS келісімінің талаптарына сәйкес келтіру бойынша тұрақты қауырт жұмыстар жүріп жатыр.

Қазақстан сондай-ақ отандық зияткерлік меншікті қорғау жүйесін 2011 жылғы 30 маусымдағы №448-IV Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы реттеудің бірыңғай қағидаттары туралы келісімге сәйкес келтіру бойынша жұмыс жүргізуде.

Зияткерлік меншік ұғымын дұрыс түсіндіру үшін, біздің ойымызша, оның екі құрамдас элементінің мағынасын нақты түсіну керек.

Зияткерлік қызмет объектілеріне және жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, өнімдерді дараландыру құралдарына, сондай-ақ заңды тұлғаларға айрықша құқықтық мүліктік қатынастардың статистикасын делдал ететін абсолютті құқықтардың түрлерінің бірі ретінде қолданыстағы меншік құқығымен қатар болып табылады және үлкен маңызы бар. Алайда, бұл абсолютті құқықтардың екі түрі құрылатын қызмет нысандары бойынша да, объектілердің өзінде де бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетінін атап өткен жөн.

Зияткерлік меншік түсінігін XVIII-XIX ғасырларда теоретик-заңгерлер де, теоретик-экономистер де ұдайы қолданды, бірақ бұл ұғымның кең тарауы XX ғасырдың екінші жартысында ғана басталды. Бұған 1967 жылы Стокгольмде дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымын құрған конвенцияға қол қойылуы себеп болды. Алайда XX ғасырдың екінші жартысында, дәлірек айтсақ, 1978 жылы Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымына мүше мемлекеттер ғылыми жаңалықтарды тіркеу туралы Женева келісімін қабылдады [4]. Бұл келісім авторлық құқықты, сондай-ақ ашу және әлем қауымдастығын хабардар ету басымдылығын қамтамасыз етуі керек еді. Дегенмен, ол ешқашан заңды күшке ие болмады. Бұған дейін социалистік лагерь мемлекеттерінде осындай ұлттық тәжірибе болғанымен, ғылыми жаңалықтарды халықаралық деңгейде қорғау жүзеге аспады.

Келесі отыз бес жыл ішінде КСРО-да 400-ге жуық жаңалық тіркелді, ал ашуға өтінімдер саны он екі мыңнан астам болды. Таңдау өте қатаң болғаны сөзсіз. Қазірдің өзінде

«социалистік лагерь» деп аталатын елдердің күйреуімен бірге халықаралық деңгейде ашылуларды ерекше қорғау өз жұмысын тоқтатты [5;9-12].

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының құрылтай құжаттарына сүйене отырып, зияткерлік меншік ұғымына келесідей құқықтарды қамтиды:

- 1) өнеркәсіптік үлгілер;
- 2) әртістердің орындаушылық қызметі, дыбыс жазуды, радио және теледидар бағдарламалары;
- 3) адам қызметінің барлық салаларындағы өнертабыстар;
- 4) көркем, әдеби, ғылыми туындылар;
- 5) қызмет көрсету таңбалары, тауар белгілері, фирмалық атаулар, сондай-ақ коммерциялық белгілер;

Сондай-ақ ғылыми, өнер, өндірістік, әдеби салалардағы интеллектуалдық қызметке қатысты басқа да құқықтар қамтиды [6].

Белгілі бір уақыт өткеннен кейін Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының қызмет саласына ерекше құқықтар кіреді, олар:

- 1) географиялық нұсқауларға;
- 2) домендік атаулар;
- 3) деректер қоры;
- 4) өсімдіктердің жаңа сорттары, сондай-ақ жануарлар тұқымдары;
- 5) интегралдық микросхемалар;
- 6) радиосигналдар.

Зияткерлік меншікке көбінесе коммерциялық құпияға қатысты заңдар, сондай-ақ олардың дизайны бойынша ерекше құқықтарды білдірмейтініне қарамастан жосықсыз бәсекелестік кіреді.

Заң ғылымында зияткерлік меншік ұғымы біртұтас термин ретінде қарастырылады, оған кіретін сөздерді бөлек түсіндіруге болмайды. Атап айтқанда, зияткерлік меншік мұндай пікірдің жеткілікті кең таралғандығына қарамастан, меншік құқығының жеке бір жағдайы емес, тәуелсіз құқықтық режим, яғни режимдер тобы болып табылады.

Зияткерлік меншік ұғымы бірнеше мағынада қолданылады:

- 1) тар мағынада: тек шығармашылықтың нәтижесі ғана заңмен қорғалады;
- 2) кең мағынада: қорғау шығармашылықтың нәтижелеріне де, сондай-ақ осындай қызметтің нәтижесі болып табылатын басқа объектілерге де беріледі;
- 3) субъективті мағынада: шығармашылық жетістіктер авторларына, патент иелеріне, сондай-ақ дараландыру құралдарын тіркеген өзге де тұлғаларға, олардың мұрагерлеріне,

сондай-ақ құқық мирасқорларына тиесілі жеке және мүліктік сипаттағы өкілеттіктердің жиынтығы өнер, әдеби, ғылыми туындыларға, фонограммаларға, орындаушылыққа, кабельдік хабар және радиобағдар таратуға, өнертабыстар мен өнеркәсіптік үлгілерге, пайдалы модельдерге, тауар белгілеріне, сондай-ақ қызмет көрсету белгілеріне, географиялық белгілерге, фирмалық атауларға жататын зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар, интегралдық схемалар, секция жетістіктері, жосықсыз бәсекеден қорғау;

4) объективті мағынада: пайдаланумен, сондай-ақ интеллектуалдық шығармашылық қызметтің белгілі бір нәтижелерін жасаумен, сондай-ақ азаматтық айналымға қатысушыларды дараландыру құралдарымен байланысты қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы.

Айта кету керек, зияткерлік меншік дәл білімге негізделген. Білім – белгілі бір салаға қатысты ойлауда, сондай-ақ санада бекітілген шындық фактілерінің жиынтығы. Олар белгілі бір ортада бекітілмейінше, мұндай білім адамнан ажырамайды. Білімнің ең толық классификацияларының бірін Еуропалық Комиссия әзірледі және 2003 жылы ұсынды. Осы классификацияға сәйкес келесі түрлерді ажыратуға болады:

1) технологиялық білім. Оларды білім деп түсіну керек, олардың негізгі көздері өздерінің әзірлемелер мен зерттеулерді жүргізетін кәсіпкерлік сектордың компаниялары, кәсіпкерлік сектор мекемелері, университеттер, мемлекеттік ғылыми мекемелер болып табылады. Сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметі дамыған жаңа кәсіпкерлік құрылымдарды қосуға болады;

2) ғылыми білім, яғни жоғары оқу орындарында оқу барысында, инновациялық зерттеулердің әртүрлі жеке орталықтарында және мемлекеттік ғылыми-зерттеу институттарында іргелі зерттеулер жүргізу кезінде қалыптасқан білім;

3) жаңа өндірістерді ашу кезінде, сондай-ақ кәсіпкерлік сектордағы әртүрлі компаниялар жүзеге асыратын инновациялар;

4) әртүрлі жоғары оқу орындарының жоғары білікті кадрларды, мамандарды дайындаудағы қызметі нәтижесінде және бизнес пен мемлекеттік сектордағы зерттеулер нәтижесінде пайда болатын зияткерлік капитал;

5) корпоративтік секторда құрылған, сондай-ақ әртүрлі желілік құрылымдардың қолданылуы мен қызметі нәтижесінде таралатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

6) тұлғаның жоғары оқу орнында, кез келген кәсіптік курстарда, корпоративтік секторда оқу кезінде алған біліктіліктері. Бұл сондай-ақ қызметкердің экономиканың барлық салаларындағы, соның ішінде бизнес секторындағы кәсіби тәжірибесінің нәтижесі болуы мүмкін.

Бірақ айта кету керек, барлық білімді зияткерлік меншікке жатқызуға болмайды. 1967 жылғы Стокгольм конференциясының нәтижелері зияткерлік меншік концепциясын қалыптастырды және оларға қандай құқықтар берілуі керектігін анықтады.

Бүгінгі таңда заманауи нарықта «зияткерлік меншік» жалпы ұғымымен біріктірілген адамның зияткерлік меншік нәтижелерінің маңызы арта түсуде. Олардың айналысы нарықтың негізгі ережелеріне бағынатынына қарамастан, зияткерлік меншік құқықтарының табиғаты, оларды қорғау, сондай-ақ жүзеге асыру бірқатар ерекше белгілерге ие екенін әлі де атап өткен жөн.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. А. Об итогах развития страны и основных задачах исполнительной власти на среднесрочную перспективу: Меморандум Президента Республики Казахстан. - Алматы, 1996. – 134 с.

2. Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана. Послание Президента – Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана 28.01.2012

3. «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» (10.07.2012)

4. Женевский договор о международной регистрации научных открытий (подписан в г. Женеве 07.03.1978).

5. Мансурова Г. И., Мансуров П. М. Содержание и генезис понятия «интеллектуальная собственность» // Вестник Ульяновского государственного технического университета. - 2016. - № 2(74). - С. 9-12.

6. Конвенция, учреждающая Всемирную Организацию Интеллектуальной Собственности (Стокгольм, 14 июля 1967 г.).

References

1. Nazarbayev N. A. (1996). On the results of the country's development and the main tasks of the executive branch for the medium term: Memorandum of the President of the Republic of Kazakhstan. - Almaty, 134 p.

2. Socio-economic modernization is the main vector of development of Kazakhstan. (2012) Message of the President-Leader of the Nation Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan 28.01.2012

3. "Social modernization of Kazakhstan: Twenty steps to a Society of Universal Labor" (10.07.2012)

4. The Geneva Treaty on the International Registration of Scientific Discoveries (signed in Geneva on 07.03.1978).

5. Mansurova G. I., Mansurov P. (2016) M. The content and genesis of the concept of "intellectual property" // Bulletin of the Ulyanovsk State Technical University. № 2(74). - Pp. 9-12.

6. Convention establishing the World Intellectual Property Organization (Stockholm, July 14, 1967).

ПРОБЛЕМЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОЙ ЭКОНОМИКИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Б.Ш. ИСМАИЛОВА, А.А. БЕКБАУОВА*

Актыбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан

*e-mail: abikosha_07@mail.ru

Аннотация. Данная статья представляет собой обзор рынка интеллектуальной собственности в Казахстане. Показаны перспективные точки роста рынка интеллектуальной собственности в Казахстане. Также проведен анализ наукоемких предприятий, на основе которого даны рекомендации.

В условиях рыночной экономики интеллектуальная собственность является инструментом захвата и удержания рыночной ниши на рынке, источником наукоемкой продукции и высоких технологий, элементом создания конкурентоспособной наукоемкой продукции, востребованной как на внутреннем рынке, так и на мировом рынке, а также в качестве самостоятельного объекта сделки. Современные экономические процессы привели к появлению нового фактора повышения конкурентоспособности компании на мировом рынке.

Вопросы развития системы интеллектуальной собственности, увеличение круга его объектов требует создания эффективной системы правовой защиты результатов интеллектуально-творческой деятельности, которые включают нормы о регистрации и использовании прав, а также нормы своевременной и эффективной защиты нарушенных прав.

В современных условиях интеллектуальная собственность становится важным фактором социально-экономического развития. В статье рассмотрены вопросы формирования и расширения рынка интеллектуальной собственности в Республике Казахстан и за рубежом, обсуждаются проблемы и перспективы рынка.

Ключевые слова: интеллектуальная собственность, цифровые права, инновационная деятельность, взаимодействие бизнеса и власти.

PROBLEMS OF INTELLECTUAL PROPERTY IN THE CONDITIONS OF MODERN ECONOMY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

B.SH. ISMAILOVA, A.A. BEKBAUOVA*

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: abikosha_07@mail.ru

Annotation. This article is an overview of the intellectual property market in Kazakhstan. Promising growth points of the intellectual property market in Kazakhstan are shown. An analysis of knowledge-intensive enterprises was also carried out, on the basis of which recommendations were given.

In a market economy, intellectual property is a tool for capturing and retaining a market niche in the market, a source of knowledge-intensive products and high technologies, an element of creating competitive knowledge-intensive products in demand both on the domestic market and on the world market, as well as an independent object of the transaction. Modern economic processes have led to the emergence of a new factor to increase the competitiveness of the company in the global market.

The issues of the development of the intellectual property system, the increase in the range of its objects require the creation of an effective system of legal protection of the results of intellectual and creative activity, which include the rules on registration and use of rights, as well as the norms of timely and effective protection of violated rights.

In modern conditions, intellectual property is becoming an important factor of socio-economic development. The article discusses the formation and expansion of the intellectual property market in the Republic of Kazakhstan and abroad, discusses the problems and prospects of the market.

Key words: intellectual property, digital rights, innovation activity, interaction of business and government.

FTAMP 11.15.47

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ҚОҒАМДА МОДЕЛЬДЕНУІ

Д.З.БАЙДОСОВ [0000-0002-7879-1665]*, Е.И.ИСИБАЕВА [0000-0001-6727-2201]

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: dinmukhammed1701@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қоғамдағы рухани адамгершіліктегі сананың қалыптасуы және адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынастан пайда болған тарихи-мәдени құндылықтардың эстетикалық қабылдануын практикалық тұрғыда дәлелдеуді шештік. Адам қоғамдағы өмір сапасын бағалап, рухани адамгершіліктегі құндылықтарды мольнан түсінуі қажет. Қоғам адамды үнемі өзгеріп отыратын өмір шарттарына саналық дайындығының қалыптасуына үнемі демеушілік ету керек. Қоғамдағы құқықтық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуын, болып жатырған фактілерді саяси сараптап-қорытындылай отырып ситуацияларға баға беру, түсінбеушілік пен әділетсіз жағдайларға қарсы тұру, алған тәжірибелер мен қабілеттіліктерді қолдануды қажет емес деп айта алмаймыз. Құқықтық мәдениет ұлттық, демографиялық, социалдық, кәсіптік мәдениеттердің топтық жүйесін құрып және әрқайсысы адамдардың іс-әрекет ережелері мен құндылықтарын анықтап, өзіндік мәдениетін сипаттауға алып келетін бірнеше міндеттерді көрсетеді.

Кез-келген мәдениеттің түрі оны түрлі салада талқылауда өте қиын мақсат болып табылады. Құқықтық мәдениеттің астарында рухани, материалдық, саясаттық және танымдылық мәдениеттердің шеңберлері жатыр. Адамның ең біріншілік талабын қанағаттандыратын мәдениет ол – материалдық мәдениет және оның нәтижелері болып табылатындар – еңбек, тілдік қарым-қатынас, тұрмыс, баспана, шаруашылық екенін білеміз. Екіншілік талабы – рухани мәдениет, яғни адамның бойында шығармашылық және практикалық жолмен қалыптасады, құрамына заманауи мәдениеттер, дін, этнографиялық құндылықтар кіріп, оларды зерттеу тағы да бір үлкен мақсат.

Түйін сөздер: фактор, мораль, сот жүйесі, манера, стиль, сана, эстетика, заң күші, геополитика.

Рухани аймақтағы этно-мәдениеттік құндылықтар – қомақты интеллектуалдық байлық және жалпы адами құндылықтардың өнімінің, халықтардың мәдени-танымдық салт-дәстүрлерінің, жалпыхалықтық құрылу процесінің – сарқылмас қазынасы. Ал, этнохалық, өз кезегінде, халық өмірінің тарихи ерекшеліктерінен нақты туындаған – биосоциалдық өзектілік. Мәдени өмірдің құрылымы өзіндік болып табылады. Бұндай араласқан мәдениеттер әртүрлі социалдық қабаттағы адамдардың әсерлесуінде қалыптасады.

[1]

Әдістері: Мақалада қолданылған негізгі әдістер: «Синтездеу» – біріншіден мәдениет түрлері мен адамның мәдениет арқылы тәрбиелену жолдарын; екіншіден, құқықтық мәдениет түрлерін, мысалы: «діни құқықтық мәдениет, тайпалық құқықтық мәдениет, этностық құқықтық мәдениет, мемлекеттік құқықтық мәдениет»; үшіншіден, қоғам түрлері: тайпа, ру,

мемлекет, ұлт, аймақ; төртіншіден, қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынастардан туындаған қарама-қайшылықтарды реттеуге бағытталған «жалпықұқықтық мәдениеттің» қалыптасуын анықтап бір бүтін әлемге біріктіру. Келесі әдіс: «анализдеу» – мәдениет түрлерін, қоғам түрлерін, құқықтық мәдениет модельденуін бөлек объектілерде зерттеп және олардың сипатын, көлемін, кеңістігінің дамуын анықтау.

Зерттеу нәтижелері: Танымал әкімшілік қызметшісі Ю.Н Стариков: Басқару процесі объектіге субъектінің үнемі және белгілі мақсатпен бағытталған әсер етуі, – деп айтқандай басқару объектісі ретінде түрлі құбылыстар мен процестер шыға алады: адам, ұжым, социалдық одақ, механизмдер, технологиялық процестер, ақпараттар.

Басқаруда субъектінің объектіге басқару жүйесінсіз әсер етуі мағынасыз болады. Бұл жүйені басқаратын процесті механизм ретінде түсінеміз. Басқару процесі бір мақсатпен бағытталатын және бір-бірімен өзара әсерлескен көп функциялы элементтердің ақпараттық байланыспен бірігу принципінде басқару процесіндегі адамдардың қызметі жүзеге асып, осы қызметтегі ұжымдар проблемалары шешіледі.

Г.В Атаманчук мына бір аса маңызды емес нюансты басып айтады: «Басқарудың қызметтік жүйеде орны ірі және ролі функционалды. Осыдан басқарудың астарында басқару субъектісіне белгілі мақсатпен бағытталған әсерін қоғамдық жүйелер: мемлекеттік басқару жүйесінің, халық шаруашылығын басқару жүйелерін ақпараттық байланыстар мен қатынастар арқылы жүзеге асырады. Осындай жолмен қоғам өмірін басқаруды “социалды басқару” деп атайды. [2]

Талдау. «Мәдениет» деген не? «Қоғам» деген не? «Құқық» деген не? Және осылар бір-бірімен қалай байланысады? «Мәдениет» деген әрине: сөйлеу мәдениеті, киім кию мәдениеті, қоғамда өзін өзі ұстау мәдениеті, дастархан басында отыру мәдениеті, өнертану мәдениеті, қолөнер мәдениеті екендерін бірден түсінеміз. Дегенмен, «құқықтық мәдениет» десе оны көбіне азаматтық құқықпен шатастырамыз. Демек, «құқықтық мәдениет» түсінігіне «мәдениет», «қоғам», «құқық» деген сөздер кіреді. Басқаша айтсақ, «мәдениет», «қоғам», «құқық» бір-бірімен өз идеялары арқылы байланысады. Сонымен қатар, бір біріне толық тәуелді деп ашып айта аламыз. Сонда, тағы да «құқықтық мәдениет» деген не? «Қоғамдағы» адамдардың қарым-қатынастарынан туындаған қарама-қайшылықтарды реттеуге бағытталған «құқықтық» нормалардың көмегі арқылы «мәдени» жолмен орындалуы. Міне, осы сөйлемдегі осы сөздердің қолданылуы біздің тақырыбымыздың негізгі мақсатын көрсетіп тұр. Біздің айтайын деп тұрғанымыз заң жүйесі, сот процесі емес, жазалау емес. «Заңға бағынған құл болмайды» дегендей ата-бабамыз осы жүйелердің қалыптаспаған кезеңдерінде де түрлі жолдармен: діни уағыздармен, ұлттық намыстармен, тайпалық ережелермен, дәстүрлік

ырымдармен, этникалық жарғылармен қоғамдағы халықты белгілі тәртіптер арқылы тура жолға салып келген. Осындай құқықтық нормалардың күші жүзеге аспаса адам «адам» болып, қоғам «қоғам» болып, мәдениет «мәдениет болып қалыптаспас еді.

Қазіргі кезде әрбір елдің құқықтық мәдениеті халық мәдениетімен өзара араласа отыра бірыңғай емес әсерлескен. Мәдениет қоғаммен қалыптасады және адамның іс-әрекеті, адаммен пайда болған факторлар адам танымдылығының негізін қалайды. Әртүрлі елдердегі әртүрлі халықтардың мәдениетінің дамуы адамдардың моральдық және материалдық ықпалымен қалыптасады және оларды нәтижесі ретінде өмірдегі ситуацияларды өңдеп, құқықтық нормаларды қалыптастыру арқылы түрлендіреміз. Құқық мәдениеті – кез-келген қоғамдағы ел өмірінің ықпалды жақтарының біртекті емес саласы, құрамына: тәртіп, өзара әсерлесу, қарым-қатынас, мемлекет және сот жүйелерінің басқарылуы мен ұйымдастырылуы кіреді. Сондай-ақ, осы жүйелердің азаматтармен тілдік қарым-қатынастары, сөйлесу стилі мен манерасы заңды түсінуге, бір-бірін қорғауға ат салысады. Сонда құқықтық мәдениет саяси, көркемдік, адамгершілік, этникалық мәдениеттермен байланыса бастайды. Бұл жағдайда, «құқықтық мәдениет» деп қоғамдағы құқықтық одақтардың нақты қалыптасу деңгейін айта аламыз. Бұл субъектінің құқықтық ролі мен мемлекеттің адам құқығын қамтамасыз етуі, заң актілерінің қызметін түсіндіретін экономикалық, саяси, діни, әлеуметтік жолмен негізделген дүние екендігін ұғамыз. Құқықтық мәдениет қоғамның заңға деген эмоционалдық қарым-қатынасы, әділдікті іздеп, дау-дамайларды шешуі, азаматтардың заңның нормалары мен талаптарына бағынуын бекітуі, қоғамның әрі қарай іс-әрекет етуі, қабылдауы және түсінуі расталады. «Заңның күші – оның орындалуында» – дегендей заңның орнауы әр мемлекеттің заң шығарушы органдарының сапалы қызметінің – өнімі. Әр мемлекеттің Ата заңы – құқықтық мәдениеттің ролін бағалай алатын негізгі күші. Осы күштің астарындағы жүйелер – құқықтық актілер, заңдар, басқару және өкіметтің құқықтық органдарының заң актілері болып табылады. Кез-келген заң құжаты құқықтық болып табылу керек және әділдік үшін жауап беруге тиісті. Заңдар нақты шешілген, анық, халықтың қолдануына әбден аяқталған болуы шарт. Құқықтық мәдениет анағұрлым бағаланған сайын, соғұрлым құқықтық актілердің жоғары деңгейін анықтайды: құқықпен басқару аймағында құқықпен қолданатын құжаттарды атап өте аламыз. Заманауи нақты орнаған құқықтық мәдениет мемлекеттің функционалдығы мен мазмұнынан көрінеді. Заманауи әлемдегі құқықтық мәдениет есейген. Құқықтық мәдениеттің негізгі демеушісі – қоғамның құқықты қабылдауы мен оған бағынуы. Адамдардың әлем мен құбылыстарға қарым-қатынасы айқындалады. Құқықтық танымның қалыптасуын екі формада анықтауға болады: құқықтық идеология мен құқықтық психология. Алғашқысы: адамның заңға көзқарасы болса, екіншісі: ойы мен пікірі. Құқықтық идеология

құқықтардың орындалуын пайда болдыртып, шынайы етеді, құқық аймақтағы түрлі ситуацияларды қорытындылайды. Құқықтық психология – қоғамдық сезім-толқулардың, мотивтің арнайы емес жалпы жағдайлары. Бұл эмоциялар адамдарда әсер етуші заңдар мен олардың талаптарының практикалық орындалуының арқасында пайда болады. Адам өз құқығын санасына сіңген эмоцияларсыз реттей алмайды. Адамның психологиялық мінезі оның құқықтық әсер ету процесіндегі іс-әрекетіне айтарлықтай әсер етеді. Құқықтық ақыл-ес «таным, бағалау және реттеу» компоненттерінен тұрады. Бұл компоненттермен құқықтық ақыл-ес төңірегінде басқару функциялары қалыптасады. Құқықтық ақыл-естің танымдылық функциясының әсерімен түрлі формада басқаруды жүргізуге болады. Осы функциялар құқықтық құбылыстарда табу, айту және ой елегінен өткізумен сипатталады. Танымдылық компонентімен біз құқықтың күшін танимыз. Құқықтық ақыл-естің бағалау компоненті құқық туралы барлық идеяларды орнатады және сол сәтте адам өзін позитивті немесе негативті әсер етуін құқықпен шынайылайды. құқықпен реттеу компоненті бұл – адам егер заң талаптарына қарым-қатынасындағы нақты қалыпты не қалыпсыз іс- әрекеттерін анықтап реттеуді сезінеді. Құқықтық мәдениетке құқықтық құбылыстар арасынан жалпы сипаттама мен түсінік беру шартты емес, себебі бұл ең көпқырлы әрі көпқабатты құбылыс. Бұл сипаттама мен түсінік әр елдің құқықтық жүйесінің қоғамындағы мыңжылдықтар мен ғасырлардағы құқықтық дамуының прогрессивті деңгейі арқылы айқын көрінеді. Құқықтық мәдениет қоғамның құқықтық өмірінің негізгі аймақтарын қамтитын: құқықтық шығармашылық пен құқықтық заңдылық, құқықтық таным мен оны шынайылау, субъективті құқық, азаматтардың бостандығы мен міндеттері, құқықтық институттар, қоғам мен мемлекет мекемелері құқықтық мәдениетін сипаттап, олардың сапалы қалпын анықтайды. Соңғы жиырмажылдықтағы сан рет жоспарланған модельдеу саяси құқықтық мәдениетке әлемдік көзқарастың өзгеруін айтуға итермелейді. Біздің ел өзге елдер сияқты құқықтық мемлекет пен құқықтық қоғамның құрылу жолымен келеді. Құқықтық аймақтың қалыптасуының эффективтілігі елдегі процестердің заманауи қоғамның модельденген құқықтық мәдениетінің деңгейіне тікелей қатысты. Осы атлғандар азаматтардың құқықты тануы мен құқықтық сауаттылығының аймағындағы мемлекеттік саясаттың негізінде арнайы бекітілген. Яғни, құқықтық мемлекеттің дамуы, азаматтық қоғамның қалыптасуы мен ұлттық келісудің нығаюы Қазақстанда жоғары құқықтық мәдениетті талап етеді. Осыларсыз қоғамдық өмірдің принциптері мен базалық құндылықтары: «Жоғарғы заң, адам приоритеті мен оның мүлтіксіз бостандығы мен құқығы, қоғамдық сұрақтардың қорғалуын қамтамасыз етілуін» толық шамада шынайы ету мүмкін емес. Қазақстан елінің мәдени доминантына қомақты геополитикалық өзгерістер шынайы әсер етті, еліміз соңғы кезде әлемдегі ең мәдениетті және сауатты болып табылатын құқықты тануы

мен құқықтық мәдениеті бар баяғы статусын бүтіндей жоғалтты. Сондықтан, елдің маңызды міндеттері болып – азаматтардың құқықты тануы және құқықтық сауаттылығының дамуы, тәсілдерінің мінездемесі және пайда болдырту төңірегі, соттық және әкімшілік тәртіптегі талаптары мен құқықтарының заңмен қорғалуын хабардар ету, олардың білікті құқық және заң мамандарына қол жетімділігі табылады. Мемлекеттің маңызды міндеті – қылмыс және азаматтардың өз міндеттерін сақтау қажеттілігі, қоғамдық ортада бірлесіп өмір сүру ережелері, заң, оның талаптарын ұлтына тіліне, дініне қарамастан сыйлау. Мемлекеттік саясат адамдардың тәртіпті іс-әрекеті мен құқықтық шамасын қамтамасыз етуге бағытталған нормалар мен моральдардың, көпұлтты елдің жалпымен қабылданған адамгершілік құндылықтарының тарихи қалыптасуында ыңғайланады. Позитивті құқықтық сана қоғамдық адамгершілік пен қоғамдық тәртіпке, азаматтық бейбітшілік пен ұлттық келісімге қол сұғатын ұлттық немесе діни экстремизмдегі іс-әрекеттің кез-келген формасына кері ықпал ету үшін жүйелік өлшеулермен қабылданған жолдармен қамтамасыз етіледі. Құқықтық мәдениет азаматтық қоғам мен құқықтық мәдениеттің ең міндетті элементтерінің бірі болып табылатын құқық пен құқықтық тәжірибеде тұтанған – жалпыхалықтық мәдениет аспектілерінің бірі. Оған тұрғылықты жердің құқықтық мәдениеті, мемлекет пен өкімет органдарындағы лауазымды тұлғалардың құқықтық мәдениеті кіреді. Құқықтық мәдениет қоғамның құқықтық жүйесінің ішкі, ментальды-рухани жағын құрады және құқықтық сана мен қарым-қатынастарға, заңға, қоғамдық тәртіпке, құқықтық шығармалыққа, кез-келген заң қызметі немесе құқықпен қабылданған қызметке терең енеді. Осы енуде түрлі этностардың тарихи ерекшеліктегі социалдық мәдениетімен бірлесе отырып адамдардың тәртібін реттейді, социалдық тұрақтылықты орнатудың құралы ретінде күш салады. Мемлекет пен құқық теориясы саяси-құқықтық негізделген ғылым ретінде мемлекеттің социалдық экономикалық және саяси сенімді білімдерін жалпылап алатын мақсаты бар. Олар цивилизация мен мәдениеттің, даму заңдылықтарының, қоғамдағы әсерлесуің және нақтылауының, сондай-ақ, саяси-құқықтық категориялардың мемлекетпен жанасу құбылыстары. Әрбір ғылымның зерттеу ортасы бар, зерттейтін жағы объектідегі шынайлық. Ғылыми ортасы – шынайы әлемнің құбылыстары мен ортаның даму заңдылықтарын: құқық, теория экономика, саясат, денсаулық сақтау, мемлекет, мәдениет фономендерімен зерттейді. Теория ретінде цивилизация мен мәдениет, түрлері, формалары, құрылымы, тағайындалуы мен функционалдануы, саяси-құқықтық таным мен реттеу ерекшеліктері қаралады. Қоғам адамдардың өмірде әсерлесу нәтижесі. Мұның мәні адамдар экономикалық танымдылық, діни қарым-қатынастары мен негіздері. [3] Мәдениет агрессивті агрессивті іс-әрекет немесе агрессивті қысымға тиым салу негізінде құрылатын мәдениет категорияның түрлі мазмұндағы

мынадай әмбебап жиынтығы бар: құқық, мораль, бостандық. Мен «құқықтық мәдениет» түсінігін «цивилизация» деп білемін. Екеуінде жалпы түсініктер бар – құндылықтар, институттар деген сияқты. Бірақ, цивилизация – тарихи мәдениеттің бір бөлігі ғана, «civilis» деген латын сөзінен көшпенділер мәдениеті цивилизация мен түсіндірілмейді. Құқықтық түрдегі институттар тек цивилизациялық мәдениетте бар.[4] Кез-келген мемлекеттің құқықтық мәдениетінің жағдайы құқықтық жүйенің нақты тарихи піскендігінің маңызды көрсеткішінің деңгейі. Құқықтық мәдениетті қоғамның экономикалық, саяси, социалдық, тарихи қалыптасуымен және рухани даму деңгейімен анықтауға мәдениет түрлілігі құқықтық құндылықтардың қалыптасуы, берілуі, сақталуында материалданады. Ол заңды маңызды іс-әрекетке қызмет етеді және құқықтық жүйенің, қоғам мен ондағы тұлғалардың құқықтық дамуының сапалы қалпын көрсетеді. Құқықтық мәдениет «құндылық» деп түсінілетін позитивті, қарқынды құбылыстар мен процестердің құқықтық өмірдегі жеке адамдарың, бүтіндей қоғам мен социалды топтардың позитивті өнімді іс-әрекетін тудыратын құқықтық құндылықтардың жиынтығы. Құқықтық мәдениетті «құқықтық антимәдениет» түсінігіне біріккен түрлі формадағы қалыпты құрылымды бүлдіретін құбылыс ретінде іске кірісе алады. Бұған: нигилизм, құқықты бұзу, коррупциялық іс-әрекеттер, заңдамалардағы заңдық-техникалық дефектілер, заң қателері, яғни құқық эффективтілігінің деңгейі мен қоғамдық тәртіп жағдайына түбегейлі кері әсерін тигізеді. Құқықтық мәдениет – өте қомақты құбылыс. Оның қоғамдық мәні көп жағдайда социалдық қатынастарға құқықтың нормативті әсер ету шегінен асып түседі. Яғни, жалпыазаматтық мәдениеттің құрамды бөлігі бола отыра құқықтық мәдениет сананың қалыптасуына және қоғам өмірінің түрлі аймағындағы тұлғалардың қызметіне тікелей және жанама әсер етеді. «Құқықтық мәдениет» түсінігінің түрленуі берілген феноменнің көпқырлылығымен аталған теориялық және методологиялық белілі бір қиындықтармен байланысады. Құқықтық сана – «құқықтық мәдениет» түсінігімен астарлы, көп өнімді, көп аспектілі, қиын мінездемелі. Құқықтық мәдениет практикалық жағынан қоғамның құқықтық өмірінің барлық құбылыстарында бар, бірақ өзіндік зат емес, – деп профессор Н.Н. Вопленко айтып кеткен. [5]

Құқықтық мәдениетті көзқарастардың бағалардың сенімдердің маңыздылыққа қатысты жүйе ретінде анықталады. Бұлар заңды құқықтардың социалды құндылықтарын, құқық пен заңға позитивті қатынастарды қалыптастырды, құқықтық ортада социалдық пайдалы, әрі позитивті тәртіпті қамтамасыз етеді. Құқықтық тәрбиелеу – жалпы халықтық тәрбиелеудің құралдарының бөлігі. Тұлғаны тәрбиелеудің саяси, идеологиялық, еңбектік, танымдылық, құқықтық, мәдени, патриоттық, жанұялық, мемлекеттік түрлері бар. [6]

Құқықтық мәдениет қоғамдағы білімдер мен үлгілердің негізінде өкіметке бағыну мен қоғаммен қабылданған тәртіп талаптарын, нормаларды, құндылықтарды, стереотиптерді және социалдық субъектілерді қалыптастырады. Құқықтық мәдениет пен құқықтық тәртіп қарым-қатынастар, өзара түсінік, өзара әсерлесу социалдық тәртіп пен қауіпсіздікті демеуге бағытталған функционалдық жүйелермен негізделген.

Философия тарихында қомақты ойлар адамзатты объективті, ғылыми танудың антологиялық проблемаларына көңіл аударуға итермелеген. Платоннан бастап теориялық танымдылықтың алғашқы проблемасы Р.Декарттың дәстүрлік-технологиялық онтологиямен орнына қойды. Осы концепцияның сұрағы адам мен оның болмысын зерттеу барысында адам мен оны қоршаған әлемнің бейнесі гармониялармен қалыптасты. «Келтірілген гармонияны» Г.Б Лейбниц өз көзқарасымен объективті әлем деп таныды. Онтологиялық мазмұндамаға проблемалардың шешімі құқықтық теория бойынша зерттеудің компоненті болып табылады. Дегенмен, осы проблематикалық өңделуді құқықтық әсер ету танымдылығындағы сұрақтар гнесологилық сұрақтардың бірі. [7]

Мәдениетті модельдеуді мәдениет әлеміндегі жалпы модельдену процесінің бір бөлігі ретінде қараймыз. Танымал теорияшылар модельденуді ХҮІ–ХХ ғасырлар аралығындағы басқа жаққа бұрылып кеткен қоғамды трансформациялауға социальдық және цивилизациялық процесс ретінде қарайды. «Дәстүрлі» деп қоғамның бүкіл спектрі қаралады – тайпалық қалыптасудың сауатсыз қабылданған қоғамдары, феодалдық, империялық жүйелер, мемлекет-қалалары жүйелері. Ж.Ж.Руссо: адамзаттың «алтын ғасырының» шынай жағдайы туралы осы ғасырда барлығы тең, еркін, ешкімнің жеке меншігі болмайды. Мемлекеттің пайда болуы себебі адамның жетілдіру не бүлдіру танымның қабілеттілігінде. Адам еңбек қаруын ойлап табуында, талдауында, жетілдіруінде оның өнімділігі артады. Осыдан «өнім» мен «меншік» пайда болып, қоғамды танымсыз адамдар иемдене бастайды. [8] Осы ойды түйіндей келе айтатыным, «алтын ғасырда» қоғамда мәдениетке бағынған құқықтық қатынастар орын алуы керек. «Мынау менікі – мен білемін» немесе «бұл менің қолымнан келсе – мен күштімін» деген, «сен тұра тұр – мен сөйлеймін, ол адамның әрекеті дұрыс емес – менің әрекетім дұрыс» деген көзқарастар болмауы керек. Демек, ғасырдың алтындай жарқырауы мәдениетімізден көрінеді. Мәдениетіміз көрінсе құқықтық нормаларымыз да дұрыс орын алған деп білеміз.

Нәтижелері: Әр елдің мемлекеттілігінің нығаюы құқықтық мәдениеттің сәйкес түрлерімен қамтамасыз етілуіндегі сапасын анықтаудың нәтижесін құқықтық нормалармен қоғамның өзара әсерленуінде мәдениеттің дамуы көре алу. Халық пен қоғам арасындағы байланыстың мәңгілік екендігін айғақтау. Құқықтық жүйедегі мәдениеттің

ғасырлар мен жылдардағы орналасуын, бір-бірімен әсерлесуін, жаңаруын дәлелдеу бірден-бір нәтиже.

Қорытынды: Қорытындылай келе айтатыным, қоғамдағы халықтың өмір сүру барысындағы қарым-қатынастарынан туындаған проблемаларды, дау-дамайларды, деффектілерді, әділетсіздікті шешуге, жеңуге және реттеуге бағытталған нормалардың «құқықтық мәдениет» ретінде қалыптасуын мынадай жолдармен дәлелдегім келді:

- құқықтық мәдениеттің түрлі қоғамда модельденуін және сол қоғамға әсер етуін анықтау;

- құқықтық танымдылықтың түрлілігін, нақты қолданылуын дәлелдеу;

- қазіргі замандағы қоғамдарда құқықтық танымдылық пен мәдениеттің қалыптасуын байқау;

- түрлі мәдениеттік құқықтарды қоғамның түсініп-қабылдауын, қоғамның құқықтық ережелермен қамтамасыз етілуін қадағалау;

- қазіргі замандағы түрлі мемлекеттердегі сапалы құқықтық мәдениет арқылы саяси-әлеуметтік өмірдің сапасын анықтау;

Мәдениеттік модельденуге мәдени тәртіптің, мәдениет құрылымының, мәдениет жүйесінің және басқа да идеялардың модельденуі кіреді. Шынын айтқанда, ол мәдениеттік өзгерулердің жетістікке жету және әсер ету процесінің бүкіләлемдік шегіне жетуге және осы шекті қадағалауға тіреледі. Осы бүкіләлемдік шектің екі ауыспасы бар: «дәстүрлі мәдениеттен» – «заманауи мәдениетке» өтетін, «заманауи мәдениеттен» – «пост модернге» – қоғамдағы мәдениеттің жағдайына ауысатын түрлері. Оның алынбайтын бөлігіне мәдениеттік шығармашылықтың шынайы орындалуы және мәдени өмірдің сапалы болуы, мәдениет объектілері мен мәдениет индустриясының дамуы, өзін-өзі босату мен адамзаттың жан-жақты дамуы жатады. Мәдениет индустриясы дамыған жағдайда адамның қоғамда өмір сүру деңгейі моральдық және материалдық жағынан артады. Міне сол кезде, біздің ел құқықтық мәдениеті дамыған елдердің қатарынан табылады деп ойлаймын. Әрине, біздің еліміз басқа қырларынан – өнерде мен өлеңде де, индустрияда мен технологияда да, егін егу мен мал бағуда да дамыған. Дегенмен, мәдениет жоғары болса осы құндылықтар қарқынды дамуға бет алады деп ойлаймын. Демек, мәдениет елдің дамуына бірден-бір себеп.

Әдебиеттер тізімі

1. Шаваева М.О., Эфендиева.Д. Этно культура как много-функциональная система взаимодействия. Г.Нальчик 2005-с.5
2. Пронин.А.А. Правовое Регулирование в сфере культуры. Москва 2021-С.9-10
3. Спасенков В.А. Правоведение. Москва 2020-с.5-7
4. Четвернин В.А. Проблемы теории права Москва 2020-с.27-36
5. Морозова А.А Теория государственного права Москва 2021-с.8-349
6. Матузов Н.Н Теория государственного права Москва 2004- с.12
7. Берг Л.Н. Теория правового воздействия Москва 2017-с.9-10
8. Четвертина В.А Теория государственного права Москва 2015-с.26

References

1. Shavaeva M. (2005) O, Efendieva Etno kultura kak mnogo-fuunkcionalinaá sistema vzajmodejstviá. [Shavaeva M.O., Efendieva.D. Ethno culture as a multi-functional system of interaction. Nalchik] [in Russian]
2. Pronin A.A. (2021) Regulirovanie v sfere kultury. [Pronin.A.A. Legal regulation in the sphere of culture. Moscow.] [in Russian]
3. Spasnikov V.A. (2020). Pravovedenie Moskva V.A.M [Jurisprudence.Spasnikov V.A.M. Moscow] [in Russian]
4. Chetvertina V.A (2020) Problemy teorii prava Moskva [Chetvernin V.A. Problems of the Theory of Law Moscow] [in Russian]
5. Morozov A.A. (2021) Teoriá gosudarstvennogo prava. Moskva [Morozova.A.A. Theory of state law Moscow] [in Russian]
6. Matuzov. N. N (2004) Teoriá gosudarstvennogo prava. Moskva [Matuzov.N.N. Theory of state law Moscow]. [in Russian]
7. Berg. L.N. (2017) Teoriá gosudarstvennogo prava. Moskva [Berg. L.N. Theory of legal influence Moscow] [in Russian]
8. Chetverina. V.A (2015) Teoriá gosudarstvennogo prava. Moskva [Chetvertina V.A. Theory of State Law Moscow] [in Russian]

МОДЕЛИРОВАНИЕ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ В ОБЩЕСТВЕ

Д.З.БАЙДОСОВ*, Е.И.ИСИБАЕВА

Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актөбе, Казахстан

*e-mail: dinmukhammed1701@mail.ru

